

84/5каз)  
Б. 70

**Бақытжан Бозданұлы**

**Біздің  
заманымыздың  
бір әулеттегі  
кейіпкерлері**

*Атырау-2002*

**Бақытжан Бозданұлы**

**Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі  
кейіпкерлері**

*Атырау – 2002*

ББК 84(5 Қаз)  
Б66

Бозданұлы Б.

Б66 Біздің заманымыздың бір әулеттегі кейіпкерлері. -  
Атырау, 2002. 87 бет.

ISBN 9965-475-65-2

ББК 84 (5 Қаз)


Б  $\frac{4702250201}{00(05)-01}$



© Бозданұлы Б.,  
2002.

ISBN 9965-475-65-2

22902-13-68



**Бақытжан Бозданұлы,**  
Облыстық “Атырау” газетінің меншікті  
тілшісі. Қазақстан Журналистер Одағы  
сыйлығының лауреаты. Жылыой  
ауданының Құрметті азаматы.

**Біздің заманымыздың,  
бір алуаттегі кейіпкерлері**



**Бақытжан  
Бозданұлы**

# АЛҒЫ СӨЗ

*Бұрынғы қоғамның бәріне бірдей топырақ шашу ойымызда жоқ. Дегенмен өткен қоғам халықтың негізгі бөлігі қалың бұқара қауымға жаңаша құрылған тіршіліктің тамыр бүлкілін тап басып, таныта алған жоқ. Мал бағып, егін еккендегі еңбегінің құны арзандап, ескіден келе жатқан табыс көздері бірте-бірте суала бастады. Ата кәсіптерінен ажырап, жаңа кәсіптерді жатсырап, өйтеуір екі қолға бір жұмысты қанағат қылған, тапқан табысы дүние жимақ түгілі ішер ас, киер киімінен арылмайтын ұрпақ келді өмірге. Енді мынау жаңа қоғамның ілкі кезінде тапшылыққа ұшырап, нарықтық экономикаға еш дайындығы жоқ ұрпақтың оңтайлы іске икемі болмай абдырап қалуы да сондықтан. Бірақ бәрі бірдей дей алмаймыз. Нарыққа ерте араласып, аяғынан тік тұрып кеткен бизнесмендеріміз жоқ та емес. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын арттыру бағытындағы аудандағы мәлімет мынау. Соңғы 2000 жылда аудан бойынша 317 шағын және орта бизнестің заңды тұлғалары, 94 шаруа қожалықтары, 754 жеке кәсіпкерлер тіркелген. Бұлардың құрамында жұмыс жасайтындардың саны – 3524 адамға жетті. Кәсіпкерлік салаларында қызмет көрсету, өнім өндіру, басқа да жұмыс көлемі, салық мөлшері артты.*

*Осы уақыт ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 49 пайдаланылмай тұрған өндірістік орын мен бос ғимарат, 4 құрылысы аяқталмаған ғимарат, 182 жер учаскесі, 36 га. жер егіс салуға, 44054 га. жер*

Бақытжан

Бозданұлы



Біздің заманымыздың

бір әулеттегі кейіпкерлері

жайылымға пайдалануға берілді. Көп қабатты үйлердің 1-ші қабатындағы 69 пәтер кәсіпкерлік объектілеріне айналдырылды. Кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысын одан әрі жандандырып, дамыту үшін несие қаржы алуға көмектесу жолға қойыла бастады. Бұған қарағанда ауданда шағын кәсіпкерліктің айдарынан жел есіп, қазақ байларының құлағы қылтия бастаған болар деп дәметеріміз рас. Мұндай үкілі үміттің ауылы алыс та емес шығар.

Дегенмен, осыншама шағын субъект бола тұра соның қайсысының пайдалы өнім шығаратындығын айтып беру қиын. Ауданда макарон өнімдерін шығаратын және сыра өндіретін қондырғыдан басқа не көрсетер едіңіз. Ал өнім өндірмеген қондырғыңыздың құны да көк тиын.

Бұрынғы кейбір объектілердің жеке кәсіпкерлердің қарамағына көшкені бар. Бұдан үш-төрт жыл бұрын Құлсарыда газ сығымдау қондырғысы іске қосылды деп бөркімізді аспанға аттық. Бірақ сол қондырғы өнімінің соңы құрдымға кетуге шақ қалды. Техникалық құжаттары қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келмеді. Бірде анауы, бірде мынауы жетпейтін болып шықты. Сонда қондырғы бұйдасын ұстаған кәсіпкер үлкен өнім беретін қондырғыны тапсырарда қайда қараған! Нақты іс-әрекетсіз, өндіріссіз алыпсатарлықпен жиған байлықтың тұрлауы жоқ. Бұған жабайы саудамен айналысып жүргендердің көзі жетіп те қалды.

Ауданда “шыр біткендер” жоқ деп айта алмаймыз. Ауқаттылар аз да емес. “Байтөбе” мен “Майтөбе” аталып кеткен елді мекендер де қос-қос коттедж тұрғызып жатқандар қаншама?! Шетелдік “джиптер”

мен “мерседестерді” екінің бірі жүйткітіп жүр. Мұны қызғанбай-ақ қояйық. Халықтың әл-ауқаты арта берсін. Бірақ солар ақ адал маңдай тер, табан ақымен құралып жатса құба-құп. Қарапайым халық арасынан әлі күнге дейін шыға қоймаған қазақ байларын жеткілікті көре алмауымыз көңілге осындай күдікті қондырып та тастайды.

Ауданда күш-қайраттың бар қарымын өндіріске жұмсап, оны халық игілігіне қалай пайдалана білуді Балжігітовтер әулеті кәсіпкерлері шебер меңгерді.

Миржан Балжігітов – “Айнабұлақ,” Қайыржан Балжігітов “Ғимарат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігін басқарады. Ауданда оған тең келер құрылыс мекемелері жоқ. Телжан Балжігітов “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамының президенті, Әлімжан Балжігітов “Құлсарыводоканал” мемлекеттік кәсіпорынның директоры.

Қысқасы, аудан шаруашылығының негізгі тетіктерін басқару Балжігітовтердің қолында. Шүкір мұндай игілікті жұмыстарды олар оңқай асықтай оңына айналдырып тұр.

Жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмысын жақсарту мен олардың арасынан кәсіпкер-бизнесмендерді көптеп тәрбиелеп шығару, баулып қанаттандыру барысындағы бағдарлы жұмыс жұртымыздың өтпелі кезеңде ертерек еңсе көтеріп, қатарға қосылуына мүмкіндік тудырар еді. Біздің де насихаттық ойымыздың басты өлшемі осы. Тіпті қолдарыңыздағы кітапты “Бір әулеттің кәсіпкерлері” деп атауды да ойластырғанбыз.

Бірақ одан гөрі мәні де, маңызы да ауқымдырақ хикаятты “Біздің заманымыздың бір әулеттегі кейіпкерлері” деп атауды жөн көрдік.

Бір әулет кәсіпкерлерінің бүгінгі қам-қарекетіне жеке-жеке тоқталмас бұрын олардың арғы ата-бабалары, туған отбасы, өскен ортасы жайында аз-кем әңгіме жасауды жөн көрдік. Себеп, тақырға шөп шықпайды, құнарлы топырақ тамырға нәр береді. Тамыр бәйтеректі көгертіп, көктейді. Бұл ешқандай дәлелді қажет етпейтін аксиома.

Ендеше, алдымен бұлардың арғы ата-бабалары жөнінде аз-кем әңгіме.

**АВТОР**

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

7



*Бақытжан  
Бозданұлы*

**Барлық нәрсе тегіне тартады**

**(БАБЫР)**

## **ӘУЛЕТ БАСТАУЫ - ДОСТАН АТА**

Бұдан 142 жыл бұрын туған Достан жастайынан зерделі боп өседі. Сөзі байламды, ісіне мығым ол жастайынан ел билігіне араласады. Өсе келе ауыл-аймағының бірлігін, берекетін ойлайды. Таз руының Шарға бөлімі ішіндегі Жиен аулына болыс болып сайланады.

Атаның емшілігі де ерте байқалады. Достанның сынып жатқан адамға орамал беріп жіберіп немесе тұра алмай жатқан түйені қамшысымен тартып жіберіп сынық салатындығы жөніндегі хикаяттар көп аузында өлі бар. Сондықтан да болар Атырау ақындары оны жырға жиі қосқан. Сәттіғұл Жанғабылұлы оған он бес жасында аруақ қонғанын және:

Дүниеден өткен Досекем,  
Ғаділ еді патшадан...

Душпандары қақсаған,  
Жүйрікпін деп келгеннің  
Аяқтары ақсаған.  
Қарама-қарсы тұрғанда-ақ  
Артық еді-ау басқадан, -

деп суреттейді. Қашаған ақын Күржіманұлы Достанмен дос болғанға ұқсайды. Оны қайта-қайта өлеңіне арқау етуі де сондықтан болар:

Қайырымды, сақи, мырза едің,  
Жарлы мен жалғыз жалқыға-ай.  
Жағымды болған халқына-ай  
Асылық сөзді сөйлемей  
Істің білген парқын-ай, -

деп тебіреніпті қарт жырау.

Халыққа қайырымы болған Достан ағайын-туыстарына да қарлығаштың қанатымен су сепкендей көмегін аямапты. 1899 жылы Доңызда болған топан су осы өңірдегілердің қайсысын жабырқатпай кеткен жоқ. Суға кеткен 12 адамның бауырларын, балаларын өзінің бауырына басып, бала етіп асырады.

Сол топан қасіреті ел есінен әлі кеткен жоқ. Мұңды “Топан” күйі сай-сүйегінді сырқыратады. Кәрі Каспийге сұғына жатқан Жылыой өңіріндегі Шұбыртпалыға жолыңыз түссе ертеде сол тасқынға кетіп, қырылып қалған адам сүйектерін әлі де байқайсыз.

Достанның ел арасындағы орасан беделі, халқына қайырымдылығы, болжампаз-көрегендігі халық аузындағы жыр-дастандарда айшықты етіп айтылады. Әрине, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен әңгімелер мен деректер бұрмалануы да мүмкін. Дегенмен, солардың

негізгі арқауы шындыққа ұласады.

Сол топан кезінде бесікте қалған жалғыз баласы Балжігіт шаруа баққан адам болып өседі. Оның зайыбы Жанбөпе болса қолы ашық, ауыл-аймаққа беделді, ісмер адам болыпты. Жанбөпе шешеміздің қолөнер бұйымдары аудан, облыс, республика, тіпті сол кездегі Одақ көлемінен асып, Париж, Брюссель көрмелеріне жол тартқаны бар.

С.Өжікеновтің “Атырау-өнер өлкесі” деген атты кітапта мынадай жолдар бар: “Жылқыбаева Жанбөпе тоқыған ені 45 см, ұзындығы 16 см “Ақбас құры” облыстық тарихи-өлкетану музейінің құнды экспонаты ретінде ілулі тұр. Өзінің сәнділігі мен әдемілігі музейдің көрермендерін таңқалдырады.

Бұл басқұр тегіс тоқылған ақ жүннің үстіне түкті кілем өрнегін жүргізген, шетін, басын, ортасын жасыл және қызыл түстес қошқар мүйіз оюмен өрнектеген, сол жағында сары және көк түстес құс тұмсық оюы ромб фигурасының жалғасы көрсетілген, ал оң жағында қабаттап келген қызыл мен жасыл түстес қос мүйіз өрнегі жалғасқан. Бұл үш өрнек түрлері бүкіл басқұр бойына қайталанып отырады.

Жанбөпенің бұл тамаша, сәнді ақ басқұры халық өнерінің облыста, Алматыда, Москвада және Польшада, Югославияда, Бельгияда өткен халықаралық көрмелерде көрсетіліп, бірнеше дипломдар мен жүлде алды.

Жылқыбаева Жанбөпенің бір ұзын бауы бар, оның ені 15 см, ұзындығы 4 м 60 см. Біртегіс ақ жүннен тоқылған баудың үстіне түкті жіптерден тоқу арқылы

жасалған. Негізгі өрнектердің ішінде “Құс тұмсық”, “Омыртқа” түрін келтірген оюлар бар. Олар қайталанып отырады”. (“Атырау-өнер өлкесі”, 115-бет, 1983 жыл.)

Сол Балжігіттен қалған жалғыз ұл Қапан көпке белгілі азамат. Жасы жетпістен асты. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған үлкен шаңырақ иесі.

Өткен жылы осы әулеттің ұрпақтары киелі аталары Достанның туғанына 140 жыл, Балжігіттің туғанына 100 жыл толуына арнап ас берді. Ас беру рәсімі аруақтар жерленген Уықбай елді мекенінде өтті.

Ас-дүниеден өткен атақты кісіге көрсетілер соңғы құрмет. Ата салтымыздың озық үлгісінң бірі. Ілкіде ас өткізуді бұрынырақ хабарлап, ат жарысы, ақындар айтысы, палуан күресі, жамбы атысының алдын ала байрағы жарияланатын. Елдің жақсылары мен жайсаңдары шақырылатын.

Мына ас беру де сол қазақы сымбатынан айырылған жоқ.

Бабалар туралы ауыл ақсақалы Жанаш Нұрмахан сөйлеп, толғанысты ой қозғады. Келушілер ата-баба рухына тағзым етті. Жыршы-жыраулар ән-күйге ерік берді. Ауыл ақынының бірі былайша жыр төкті:

Адамдықпен өмірді кешкендерім,  
Білсең ғой елің бүкіл ескергенін.  
Аруақты тірілтіп өздеріңдей,  
Ойға ап жатыр бұрынғы өшкендерін.

Жиылып жатқан жоқпыз босқа мұнда,  
Білеміз бүкіл елі қоштарын да.

Заманында атақты тұлға болған,  
Танымал ғой еліне Достаным да.

Халықпыз аруаққа бас иетін,  
Қандай ғажап, Ата, сенің қасиетің!  
Тәңірдің құдыретті күшіменен,  
Емдедің ауру жанның қасіретін.

Биіктен таба білген тұғырыңды,  
Арнадың құдай жолға ғұмырыңды.  
Аңыз ғып айтып жүр ғой халқың енді,  
Кім білмейді сенің салған сынығыңды.

Ұрпақты ұрпақтарға қосқан ата,  
Қасиетті әулием Достан ата.  
Шарапатың әлі де жоғалған жоқ,  
Халық сені қашанда қоштар ата.

Адамысыз ұлығылар мәңгіліктің,  
Бүгін қайта шырағы жанды үміттің.  
Өзіңді еске алғанда Достан ата,  
Есімі қоса айтылар Балжігіттің.

Қос Ата бөлек сенің өнегең де,  
Елің-дағы қайтадан елегенде.  
Сендер үшін ас беріп жатыр енді,  
Қажы болған мынау Қапан немерең де.

Қасиетің жасасыншы асыл ізгі,  
Ұрпағыңа берсін Сіздің жасыңызды.

Достан ата, өзіңді ардақ тұтып,  
Аруаққа иеміз басымызды.

Онға жуық ат қосылып бәйге өтті. Жиналғандар бір жағынан қазақша күресті тамашалады. Жеңімпаздардың қай-қайсысына да сыйлықтар (2 камералы тоңазытқыш, түрлі-түсті телевизор, бейне магнитофон, кілем, шаңсорғыш) табыс етілді.

Бұдан соң жиналғандар атаға қойылатын ескерткіштің ашылу салтанатын тамашалады. Әрбір ұйымдастырылған шара өнерпаздардың шағын концертімен қошталды.

Он екі ата Байұлының ұрпақтарына шапан ұсынылды.

Ас дастарханы үстінде де қасиетті ата, оның ұрпақтары жөнінде жылы лебіздер аз айтылған жоқ.

Иә, әңгіме қандай ма мерейтойлардың өтуінде емес.

Соңында ешқандай із қалмай, даңғаза-дүрмекпен өтіп жүрген талай тойларды көріп жүрміз. Мұндай белгі-бедерімен есте ұзақ сақталар шаралар көп те болмас.

Қандай ерекшелік деген сауалға жауап мынау:

Алдымен, сол маңдағы теміржол бекетіне Достан атаның есімін беру жөніндегі ұсыныс ердің атын есте қалдыру жолындағы ұтымды шара болып шықты. Екіншіден, ата басына жиналған қаржының Шоқпартоғай селосындағы мектеп-интернаттың мұқтажына беру жөніндегі мәміле де көп көңілінен ойып тұрып орын алды.

Ақындардың кейінгі ұрпақтарға тәлім-тәрбие беру жөніндегі мүшәйрасы да жиналғандар көңіліне жылы

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейінкерлері*

13


*Бақытжан  
Бозданұлы*

әсер қалдырды.

Жұртшылық дүбірлі астан тарады. Көзге көрінбесе де санамызда қылаң берген аруақтар жанымызға келіп, қолдап-қоштағандай болды. Біз де иығымыздан ауыр жүк түсіп, жеңілденгендей күй кештік. Жо-жоқ, бұл діндарлық емес, бұл ата-баба рухын сезіну, солармен іштей сырласу.

Ал атаға қойылған зәулім ескерткіш жер басқан пенделердің тәубасын еске түсіріп, “ақырыңды ойла, адамзат баласы” деп тұрғандай.

Аудан жұртшылығының Достан атаға деген құрметі кей жерде бой көрсетіп қалатын жершілдік, рушылдық әдетінен жоғары екендігін мойындатқандай болды.



**Инабатты болса-әйел көрікті,  
Ақ сақал жаралса-шал көрікті,  
Сүйікті болса-ағайын көрікті,  
Үлкен шаңырақтың жанында отау көрікті,  
Жібек шатырдың жібі көрікті,  
Өнегелі болса - бала көрікті!**

**(ҚОРҚЫТ)**

15

**ҚАПАҢ ҚАЖЫ НЕМЕСЕ  
“ДОСТАН АТА”  
ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ  
ТӨРАҒАСЫ**

*Бақытжан  
Бозданұлы*

**Ж**оғарыда айтқанымыздай, XIX ғасырдың соңғы жылындағы топан кезінде Досан атаның бесіктегі баласы Балжігіттен қалған жалғыз ұл Қапан Кеңес Одағы тұсында қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Кеңшарда есепші, ферма басқарушысы, кеңшар директорының орынбасары қызметтерін атқарып, зейнеткерлікке шықты. Көргені бейнет, төккені тер



### Қапан қажы мен зайыбы Ырысты

16

болды. Сонда да “мен бүйттім, мен сүйттім” деген жоқ. Кемеліне келіп тұрып, кемерінен аспады. Еркек-тіреу, әйел-сүйеу.

Қапанның зайыбы Ырыстының ене дәстүрін жалғастырған ісмерлік өнері республикаға мәлім. Айтпақшы енесі Жанбөпе шешеміз де бармағынан бал тамған іскер адам болғандығын жоғарыда айтқанбыз.

-Басқаларды қайдам, мен өзім көзімді ашқаннан сол киіз үйдің төрінде өсіп, енеміздің үйретуімен оның ішіндегі әрбір жасауды өз қолыммен жасап, қыры мен сырына қанық болып өстім,- дейді ол.

Қазақ бар шеберлігін де, бар байлығын да қызының үстіне жапсырып, сосын киіз үйін сән-салтанатқа

бөлеуге салған ғой. Содан артылғанын ғана басқаға жұмсаған.

Шындығы да сол. Ырысты тіккен үйге бас сұқсаңыз, керегенің сыртына айналдыра тоқыма шиді, керегенің жоғары жағынан жанастыра ұсталған “Жүз терумен” тоқылған қызыл басқұрды, туырлықтар мен үздіктерді, ұстап тұрған түк салып оюлап тоқылған бауларды, шаңырақ пен уыққа ілінген шашақтарды көрер едіңіз.

Сымбатты үйдің өзін дұрыс тікпесе сәні кетеді. Жалпайып жатып та қалмай, кереге қанатының құлашына уықтың бойы сай болса ғана жарасым табады. Шаңырағы күннің көзіндегі дөп-дөңгелек, уықтары сол дөңгелек күннің түп-түзу сәулелеріндегі шашырай келіп, керегенің басына қонғанда сұлулықтың көкесін сонда көрер едіңіз.

Бұған қоса күлкісінен күміс үн төгілген Ырысты жеңгеміздің балаларына деген мейірімді шапағатын көрсеңіз отбасы арайланып шыға келеді.

“Әке балаға суықтау, ана мейірімді болғаны жөн” деп отырады ол.

Мүмкін, дұрыс та шығар. Ер адам үйдің тірегі, әйел сол шаңырақтың соғып тұрған жүрегі. Бүкіл жақсылық ананың сүті мен бесік жырынан бастау алады. Тал бесікте тербеліп, тәтті әуенмен сусындаған осы отбасы ұлдарының ниеті де түзу, пейілдерінің мөлдірлігі сондықтан болар.

Дүние жүзі қазақтарының Алматыда өткен бірінші құрылтайының құрметіне киіз үй апарып тіккені біздің де есімізде. Киіз үйлердің құрылымдық, мәдени-тұрмыстық бітімін, қаңқасын (сүйегін), жабынын, жабдықтарын тарихи және ғылыми-этнографиялық

Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері

17

Бақытжан  
Бозданұлы

Жылыой ОКЖ  
Атырау облысы

89-13-58  
22902-13-58

тұрғыдан сараптай келе, білгір мамандардан құралған арнайы комиссия Құрылтайдың киіз үй қалашығын қазақ жасампаздығы пен шығармашылығынан құнды мағлұмат берген бірден-бір орталық болғандығын ерекше атап көрсетіп, Ырысты тіккен үйге көтермелеу жүлдесін берді. Комиссия төрағасы Ырыстының сәнді үйін көріп, дәмді тағамынан ауыз тиіп, сүйсініп кетті.

Сол құрылтайға қатысып, өлкетану және көркем-сурет мұражайларынан апарылған жәдігерліктерге көп ынта қойған журналист Теңдік Жауырұлы “Каспий-құдаң емес?” деген қолжазба кітабында былайша тамсана жазады: “Киіз үйді көрмей жүр деймісіз” деп ойлағанбыз, жоқ, таңсық екен және де Балжігітовтер тіккен алты қанат ақбоз үй сән-салтанатымен қызықтырмай да қоятын емес. Бұл үйдің сүйегінде де, тұла бойында да сырттан алынған ештеңе жоқ, бүткіл бұйым-жиһаздары, белдеулерінен, басқұр бауынан бастап орауылша, қалауыш-кілемше, алаша-текеметтеріне дейін бәрі-бәрі Жем бойының қолөнер шебері Ырыстының он саусағынан өріліп, төгіліп шыққан. Оның үстіне (одан да бұрын деген дұрыс-ау?), Ырысты жеңгеміз-Батыр Ана, жәй батыр емес-13 бала өсіріп, тәрбиелеп отырған хас Батырлар санатынан. Үй іргесіне құрып қойған өрмегіне ентелей қараған қонақтарға берген түсінігі алыстың қазағы ғана емес, ауылдың азаматтарына да көп сыр ұқтырғандай”. (“Каспий-құдаң емес”. 84 бет, 1995 жыл)

Қазақ халқы ежелден ата сыйлаған, әке сыйлаған, ана сыйлаған, жасы үлкен ағаларын сыйлай білген халық. Үйге үлкен кісі келсе, келіндері иіліп сәлем беру,



Мұнайшылардың 100 жылдығы салтанатында Ырыс  
Парламент депутаттары бас сүқі

Боқытжан  
Боқытжан



інікерлері  
ның

бермеді. Әсіресе, өзі араласқан ауылшаруашылығы күйінің кетуі оны қатты ашындырды. Басқа басқа, үлкен қиындықпен тұрғызылған бұрынғы кеңшардағы шұжық цехы пайдаға аспай қалды. Кеңшар кеңсесі тап сол бойда өртеніп кетті. Мәдениет үйінің ошағы ортасына түсті. Осының бәрі мұның көз алдында ғайып болды. Тап бір безер болмасаң-жаның ашымай көрсін!

Социалистік меншік: “Алдымен ұжымыңды ойла, өзіңді ұмыт” деп бұқтыратын. Оның қасында қазекемнің “Ортақ өгізден оңаша бұзау артық” дейтін нақылы нарық ажарын ашып тұрғандай емес пе? Өзіңді асырау үшін-меншіксіз мейірім қанбайды. Себебі реформалардың басты нәтижесі адамдар сана-сезімінің жатыпішерлік пиғылдан арылғаны десек, Қапекең де осы үрдістің жалынан ұстап көрді.

Оның жеке шаруа қожалығында 50 түйе, 30 жылқы, 80 сиыр, 300 қой бар. Өзі шаруашылыққа бағыт-бағдар беріп, жөн сілтейді. Баласы Сейітжан Балжігітовпен бірігіп, 2 отбасы, ондағы 10 адаммен бірге мал бағады. Жұмыссыздық жайлаған кезде 10 адам жұмыспен

қамтылды. Сүт, шұбат, басқа да мал өнімдері “Балқаймақ” сүт зауытына, “Ғимарат” ЖШС-не келісім-шартпен тапсырылады.

Айтпақшы, бұлар малдан басқа 100-ге жуық үйрек-қаз ұстайды. Жұмыртқасы тағы бар.

Өткен жылы шаруа қожалығындағылар 4 тонна ет, 5 тонна сүт, 2 тонна шұбат тапсырды. 350 тонна мал азығын өздері дайындап алды. Кешегі кеңестік кеңшар кезінен үлеске тиген 2 трактор, басқа да ауылшаруашылығы машиналары бар. Шөп шабу науқаны басталғанда шаруа қожалығындағы екі-үш адам соған жұмылады да, пішен құрғатылмай қора басына түсіріледі.

Мұндағы әрбір адам айына 7 мың теңгеден кем жалақы алмайды.

Көрдіңіз бе, бір орта шаруа дами бастаса төрт-бес ауылдасын жұмысқа тартады. Егер бір ауылдан он орта шаруа несие алса қанша адамның жұмысқа қолы жетер еді.

Тіпті олардың ішінде жағдайы түзеліп, бөлініп шығып, жеке шаруа қожалығын ашып жатқандар болса тіпті құба-құп.

Болдым, толдым деу жалқаудың шарасы. Қайткенде де ауылдағы шаруа бүгін өзгере бастады. Адамдар “түңілді де отықты”. Ауылдағылардың бір жаман әдеттен арыла алмай келе жатқаны да шындық. Кішкене шыр бітсе-шашуға құмар. “Достан ата” шаруа қожалығындағылар мұндай дарақылықтан аулақ. Қол жеткендеріне мастанбайды. Алға шаруашылықты дамыту, малды асылдандыру міндетін қойды. Таяуда Ақтөбеден жүзге жуық асыл тұқымды қой, бір-жар

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

21

*Бақытжан  
Бозданұлы*

аруана, үлек, Түрікменстаннан асыл тұқымды ат сатып алынды.

Сөйтіп шаруа қожалығындағылардың өздері де тоқ, өзгелер де тыныш.


Қапекеңнің өзі де көп армандайтын нақты істің нәтижесін көруде.

Ауыл ақсақалы ара-тұра ауыл-аймақтың қажетіне араласып қояды. Жем өзені буырқанып тасыған кезде бұрынғы “Ембі” кеңшарының аумағына қарай жөңкіле жөнеліп, Шоқпартоғай селосындағылар судан құр қалатын. Соңғы жылдары көлтабандарды су шаймай, шабындықтың шықпай қалуы жиіледі. Ол үшін судың бағытын Шоқпартоғай маңындағы көлтабандарға бөгет тұрғызып бұрмаса - басқа жол жоқ.

Мұны бірігіп істейтін бұрынғыдай ұжымдық шаруашылық тағы құрыды. Адам басына бір Алла. Бірінің айтқанына бірі көне қойса құба-құп қой. Көнбесе? Бұл кімге пайда, кімге зиян?

Оның ақырын ойлап жатқан тағы кім бар? Алдыңғы жылы Қапекең ауыл ақсақалдарын жинап, тасқын кезінде бөгет тұрғызып, суды бұрып еді, көлтабандарға су шығып, шабындық бітік өсті. Селодағылардың қолындағы азын-аулақ малы да тоқ. Нәпақа да айырды.

Бірде ол мұсылмандықтың бес парызының бірі, қасиетті Меккеге барып, төуеп етіп келуге төуекел етті. Сөйтіп, бұдан дәл екі жыл бұрын Қапан мен Ырысты осы Меккеге барып қайтты. Меккеге келіп, Алланың үйі Қағбаға бет алды. Жерасты зәмзәм суын ішті. Жұма намазына қатысты.



Қапан Қажы мен Ырысты М  
мінәжат етушілердің арасы

Боғланулы

Боғланжанды

23

Байкерлері

мыздың

Байқаса, атбегілік оның ата-бабаларынан дарыған өнер екен. Ақын Аманқос Ершуовтың “Каспайдан Қапанға дейін” деген тарихи поэмасында мынандай жыр жолдардың ұшырауы соның бұлтартпас дәлелі.

Басына қонақтаған бақ көрініп,  
Болыпты бір өнері атбегілік.  
Ат десе ішкен асын жерге қойған,  
Дүние кетсе-дағы қақ бөлініп.  
Тұлпарды қамыс құлақ, бөкен қабақ,-

депті ол:

-Қиялыма етем қанат.  
Тұяқтан ұшып түскен шақпақ тастар,  
Жыртығын қара жердің кетер жамап.  
Дос түгіл бағалаған жаттың малын  
Әйтеуір таба білген аттың бабын.  
Адамға құдай сүйген мал бітеді,  
Тақырға кім білмейді, қақ тұрғанын.

Съезде елімізде жылқы шаруашылығын өркендету, асыл тұқымды жылқы өсіретін шаруашылықтардың ассоциациясын құру, тағы басқа өзекті мәселелер қаралып, оларды жүзеге асыруға нақты шешімдер қабылданды.

Әсіресе, съезде аламан бөйгенің қашықтығы қанша шақырым болуы керек деген мәселе қызу пікірталас туғызды. Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан облысынан келген бапкерлер басқа елден ұшқыр жылқы тұқымдарын әкелу, оларды жергілікті жердегі жылқы тұқымымен будандастыру жұмыстарын жүргізіп жатқандығын айтып, мұның өзі өркениетті елдермен ат спорты ойындарына қатынасу қажет екендігін тілге тиек етті. Аламан бөйгенің қашықтығы 31 шақырымнан жоғары болмауы қажет деп түсіндірді.

Батыс облысынан барған бапкерлер аламан бөйге қазақтың ұлттық ат ойындары ішіндегі ең мәртебесі жоғары жарыс екендігін және өз еліміздегі көп жылғы селекциялық жұмыстың нәтижесінде шығарылған жылқы тұқымдарының дәрежесін көтеру және басқа елдің ат спортшыларын осы қазақтың аламан бөйгесіне қатысуға шақыру керектігін айтып, аламан бөйгенің шабу қашықтығын 31-45 шақырым етіп бекітуге көндірді. Бұл жерде Қапекеңнің пікірі салмақтырақ шықты.

Батыс облыстарының одан да басқа бапкерлері қазақ жылқыларының қажырлылығын, қайраттылығын, төзімділігін таныту керек екендігін, 45 шақырымға шапқан тұлпар 31 шақырымға еркін қысылмай

шабатындығын дәлелдеді.

Жергілікті жердегі жылқы тұқымдарына жеңіл-желпі қарауға болмайды. “Мыңнан бір тұлпар” немесе “Ат шаппайды-бап шабады” дегендей тек шабатын атты дұрыс таңдау, баптау қажет. Осы басқосудан соң ілешала Қапекеңнің жеңгеміз Ырыстымен бірге қажылыққа тағы бір барып келудің сәті түсті. Дінхалықтың ой-пікірін біріктіреді. Ал Тәуелсіздік қолға тиіп, егемен мемлекет атанғалы бері Қазақстанда мұсылмандықтың бірі-қажылық жасау үрдісі жолға қойылды. Қапекең де басты парызын орындап қайтты.

-Меккеге барып қажы атанып келдіңіздер. Сондағы мақсатыңыз не?-деген сұрақ та қойғанбыз сол сапардан соң. Сондағы Қапекеңнің жауабы мынау:

-Дінімізді, тілімізді өзіміз қадірлемей тұрып, өзгеге қалай мойындатамыз. Дін әлемінде жас ұрпақ үшін шайқас жүріп жатқаны ешкімге құпия емес. Басқа дін өкілдері тегін кітап таратып, шіркеу, ғибадатханалардағы мінажатқа шақырып, мектепке, үй-үйге кіріп, уағыз айтып, жарғақ құлақтары жастыққа тимей жосып жүр. Нәтижесінде көптеген жастар шоқынып, басқа дінге еніп жатыр. Кришнаид болып жүргендер кім-қазақтың ұлқыздары, автобустарда қолына шіркеуге шақырған үндеу ұстатып, інжілден үзінді оқып, уағыз айтып өзеурейтін кім-қазақтың балалары. Өз өңірімізден бой көрсеткен оххабшылар да солар. Басқа басқа, ауыл ішінде ұрлық бой көрсетті. Кімдер дейсіз ғой. Соның ішінде жастар да, жасамыстар да бар.

Ұлттық рух, ерекшелік мемлекеттің идеологиялық тұғыр-тірегіне айналмайынша ескексіз қайықтай әр

жағаға бір соғып, бағыт-бағдарсыз, ағымның қақпайымен кете береміз бе деп қорқамын.

Дін ниеті түзу пендені адамдыққа, имандылыққа бағыттайды, тәрбиелейді. Адамшылық турасында әңгіме айту, ерсі, жаман қылықтардан өзіңді де, өзгені де қорғай білу керек. Жалпы ислам дінінің қағидаларын қалың бұқараға жүйелеп, жеткізіп отыру - парыз. Алланың ақ жолынан адамдарды адастырмайтын Мұхамбет Г.С.М-ның идеяларын, имандылық пен адамгершілік сәулесін адамдар бойына себе беруді - басты міндетім деп санаймын.

Өйткені бізге исламдық уағыз кеше де жетпеді, бүгін де солай. Діни уағыз халықтың көзін ашу керек. Көзі ашылған халықтың жүрегіне имандылық ұялап, обал мен сауапты айырады. Түйіп айтсақ, Алланың нұры жауып, Мұхаммед (г.с.м.) пайғамбардың табаны тиген топырақтағы қасиетті діни орындарды көзбен көріп қайтқанға не жетсін! Аузында Алласы, қойнында Құраны бар арабтардың санасында өтірік айту, жалған сөйлеу мүлдем жоқ. Не істесе де Алланы ауызға алып барып іс бастайтын олар ұрлық-қарлық, біреудің нәсібін шөміштен қағу сияқты жат қылықты жанына жуытпаған. Содан болар халқының бақ-дәулеті басынан асып тұр. Бәрін де адам игілігі үшін жасаған.

Қапекең де күнделікті өмірде осы Алланың ақ жолынан айныған емес.

Жыл сайын құрбан айт кезінде ақ тілекпен Аллаға сыйынып, мешітке әкеліп құрбан шалады. Аруақтарға бағыштап құран оқытады. Биыл да сөйтті.

Құрбан деген сөздің мағынасы “жақындық”, яғни

Аллаға, қала берді адамға жақындық деген ғой. Адамдар туыстық сезімін білдіріп, “Айт” құтты болсын, Алла тағала құрбандықтарыңызды қабыл алсын” деп шын жүректен ізгі тілектерін білдіріп жатты.

Сол күні оның жүзіне қарап, ішкі жан дүниесінің өзгеше құбылғанын аңғардық. Сары жүзіне шырай жүгіріп, томағасы енді-енді сыпырылар қарт қырандай қомдана бастағанын байқадық. Бейнебір Тәуелсіздік мұнарасына қанатын қағып-қағып жіберіп, қас қағымда көкке самғағысы келе ме, қалай?

Әлде кешегі бір жиында ақын інісі Тементай Әділхановтың төмендегідей өлең жолдары ойын қозғап кетті ме?

Тірлігінің айтылып асқақ әні,  
Бірлігіңнің болатын тас қамалы.  
Отбасың-тәрбиенің діңгегі ғой,  
Сол жерден Отаның да басталады.

Заманның заңғар ойлы көрегені,  
От басынан алады өнегені.  
Қазағымның қашанда қасиетті,  
Тәрбиесі ұрпаққа бөлек еді.

Достан ата атағы жария шын,  
Кім білмейді әулие қариясын.  
Кең Жылыой ардақ тұтып келеді ғой,  
Бүгінгі Қапан қажы жанұясын.

Алла төксе қайтерсің нұр ұшқынын,  
Білсең ғой ана жүрек тым ыстығын.

Он баланы өсірген еңбегі бар,  
Қажы болған апамыз Ырыстының.

Имандылық көрсетер досқа айыра,  
Бұл халық бұл өулетті босқа айта ма,  
Қапан мен Ырыстының арманы жоқ,  
Меккеге барып келді қос қайтара.

Мұсылманда жолы бар сан ғұрыптың,  
Имандылық ошағы жанды үміттің.  
Мақтауыма тұрады кім-кімге де,  
Ұрпақтары бүгінгі Балжігіттің.

Тақсын егер табылса орден деймін,  
Біріңді аға, біріңді жеңгем деймін.  
Екеуіңді көргенде топ ішінде,  
Иман жүзді қазақты көргендеймін.

Екеуің де енді қажы болғасын тек,  
Үйретіңдер жастарға жол басын көп.  
Отбасына тілейміз бақыттылық,  
Аруағы Достанның қолдасын деп.

Қайткенде де сол күні ол іштей толғанып, ерекше тебіреніп отырды.

Менің Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың бірігіп жазған “Құз басындағы аңшының зары” деген кітаптан мынадай жолдарды оқығаным бар:

-Құдай айтты дейді: “Мен адам баласына бәрін бердім, тек ниетін өзіне қалдырдым” -деп. Рас-дағы.

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

29

*Бақытжан  
Бозданұлы*

Бар мәселе сол ниет, пейілге тіреліп жатыр. Біз рухани тазармай тұрып, ешқандай игілікке қол жеткізе алмаймыз. Озық өркениет табиғаттың жауы деседі. Жо-жоқ қателесеміз. Ең басты айыпкер-сол өзі құрған өркениет пен ақыл-ой, парасатын ұштастыра алмаған адамдар. Ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін ақылды сөз. “Ақыл сөзге қой маңырайды” деген бар. Мойындауға тура келеді.

Кеше ғана Достан ата ұрпақтары - Балжігітовтер әулеті аруақты бабасына үлкен ас беріп, оның соңы аламан бәйгеге ұласқанда халқымыздың салт-дәстүрі, ескіден қалған әдет-ғұрып айшықтары жаңа бір қырынан жаңғырып көрінген. Бұл ел мерейі өсіп, еңсесін тіктеген шақтағы Тәуелсіздігімізден туындаған тәуекелшіл іс-әрекет деп түсінгенбіз.

Сөйтсек үлкен істің артында үлкен жақсылық жатыр екен. Қапан қажы бастаған Балжігітовтер әулеті сол шарадан түскен қомақты қаржыны Шоқпартоғай селосындағы мектеп-интернат тәрбиеленушілеріне сый-сияпат жасауға шешіпті. Бұрын интернатты мемлекет қаражаты толық қамтитын. Қазір тәрбиеленушілердің киім-кешегі тапшы. Бюджеттен жыл сайын жаңғыртып, қаржы бөліп отыру жеңіл соқпайды.

Осындай қиын сәтте Балжігітовтер әулеті Ата басында түскен қаржыға теледидар, жұмсақ жиһаз, кілем тағы басқа бұйымдар сатып алып, интернат түлектерінің игілігіне ұсынды.

Осыған орай ұйымдастырылған рәсімге ауыл ақсақалдары, оқушылар көп жиналды. “Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” дегендей, жүрекжарды

лебіздерін білдірді.

Байлығы тасып, қайда шашарын білмегендіктен емес, қиын сәтте болашақ қамын ойлағандықтан болар.

Дархан баба ұрпақтарындай елім дегенге еңіреп, өзегін жұлып беруге даяр Атымтай Жомарттар көбейе түссе, көнекей!

Қалай десек те, қарлығаштың қанатымен су сепкендей бұл көмектің үлкен адамгершілік сипаты бар. Өйткені, имандылыққа, ізгілікке көкірегі таза адамдар ғана бара алады. Ата басынан үлестірген төбәріктей бұл сый-сияпатқа интернат оқушылары да тәлімді тәрбие, үздік үлгеріммен жауап беріп жатса, тіптен алақай!

Қапекеңнің билік құрамын, байлық жинаймын деп біреуге жарамсақтанып, азат басын құл етіп көрмеген ерен аршылдығы, әділін айтамын деп кейде жақынына да жақпай қалатын төтен турашылдығы да бар. Онысын өзі де кек тұтпайды, қатарлары да көңіліне алмайды. Қарапайым отбасының тату тіршілігін дөңгеленткен кәдімгі көптің бірі.

Құдайға шүкір, өмірлік қосағы Ырысты жеңгей екеуінің бауырынан оннан астам ұрпақ өрбіді: Маржан, Мержан, Қайыржан, Інжу, Телжан, Әлімжан, Сәлімжан, Қабижан, Тоты, Бұлбұл, Сейітжан, Бағытжан, Майра. Бәрі де өз өмірлерін аудан тағдырымен ұштасыра білуде.

Бәрі де “өмірге кірпіш” болып қаланды. Бірінің айтқанын бірі тыңдамау деген жоқ. Үлкеннің алдын кесе өтпейді. Ұл-қызы да әдепті. “Алтау ала болса-ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді” деген қанатты сөзге ден қоясыз.

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

32

Бақыт



Бақытжан, Шоқан, Қайыржан, Миржа  
Телжан, Қабижан, Сейітжан Балж  
Төртеу түгел болса төбедегі к  
алтау ала болса ауыздағы к



## Вице-Премьер И.Тасмағамбетов Қапан Балжігітовтің отбасында

айтқанын бірі тыңдамау деген жоқ. Үлкеннің алдын кесе өтпейді. Ұл-қызы да әдепті. “Алтау ала болса-ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді” деген қанатты сөзге ден қоясыз.

Бәріне бірдей тоқталудың қажеті де болмас. Бірақ қазірдің өзінде ел танып, жұртшылық елей бастаған азаматтарды ауызға алмау тағы ағаттық.

Бұрын “Бәрін кадр шешеді” деп келдік. Дуалы ауыздан шығып, елге кең тарап кеткен осы тұжырым күн тәртібінен түскен жоқ. Түспейтін де шығар.

Болашағымыздың қандай болары да билік тізгінін ұстаған адамдарға байланысты. Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов “Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек” дейді. Ал кадрларды таңдау, іріктеу үшін нендей шартқа, қандай қағида-қалыпқа

Имизддың  
ейіккерлері

33

Бақытжан  
Бозданұлы

болмақшы”.

Басқару мәселесіне қатысты Ахаңның осы айтқаны-елдік ереже, халықтық қағида.

Енді осы қағиданы алдына мұрат тұтып, қазіргі нарықтық талапқа сай қым-қуыт шаруаны дөңгелентіп жүрген Балжігітовтер әулетінен шыққан бірнеше кәсіпкерлер жайында сыр суыртпақтаймыз.

**Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе-дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп... адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі де есті болады. Әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды.**

**АБАЙ**

## **МИРЖАН**

“Сіз бақыттысыз ба?” деген сауалға екінің бірі еш ойланбастан нақты жауап бере алмауы мүмкін. Өйткені мынау дүние қаншалықты сұлу болғанмен екінің бірінің басына бақ қона алмайды. Дегенмен, өз өміріндегі ең бақытты сәтін-жарық дүниеге ең алғаш рет нәрестесі келген күнмен байланыстыратын ата-аналар аз емес. Соның бірі-Ырысты. Оның құрсағынан 13 бала өрбіді: Маржан, Миржан, Қайыржан, Інжу, Телжан, Әлімжан, Сәлімжан, Қабижан, Тоты, Бұлбұл, Сейітжан,

аман.

Ең алғашқы қуаныштың ғұмыр бойы ұмытылмайтын ерекше бір құдыреті бар десек, ер баладан тұла бойы тұңғышы Миржанның өмірге келуі (1959 жылы, 11-ші ақпан) ерекше есте қалыпты.

Бірақ Миржан Қапан мен Ырыстының емес, ата-



**Миржан Балжігітов**

**Директорлар кеңесінің төрағасы**

әжесінің тәрбиесін көріп өсті. Қайырымдылықты, бауырмалдықты, еңбекқорлықты, үлкенді сыйлауды солардан үйренді.

Сол марқұм Балжігіт атасы айтады екен: “Балам, қазан жамау да өнер. Ең болмаса соны үйрен” деп отырушы еді. Сол атасы көз жұмарда ересек немерелерін шақырып алып, “Менен туған мынау жалғыз Қапан-сендердің әкелерің. Соны ренжітпеңдер.

Адал еңбек етіп, азамат болыңдар” дегені бар.

Сол кезден кейін бұлар өздерін ересек санаған.

Шеге қағу, атқа міну, мал сою, шөп шабу, балық аулау тағы басқа тіршілікке қажетті шаруаны осы атасынан үйреніпті.

Тіпті сол жылдан бастап, мектепке баратын үш немересі өз киім-кешектері мен кітап-құралдарына қаражатты өздері табуға ұмтылыпты.

-Жазғы демалыс күндері қолдан тас басып, оның әрқайсысын 6 тиыннан сатқанда бір мың сомдай ақша жиналатын. Біз қажетімізді алатынбыз. Біз өсіп, жоғары оқу орнына кеткенде біздің әлгі пайдалы қимыл-әрекетімізді өзімізден кейінгі Телжан, Әлімжан, Сәлімжандар жалғастырды,-дейді ол өткенді еске алып.

Миржан Алматы архитектуралық-құрылыс институтын бітіріп, елге келді. Ілкіде комсомол ұйымында, кейін Байқоңыр ғарыш айлағында қызмет істеді. Қайта айналып, Теңіз газ өңдеу зауытын салуға атсалысты. Осындағы “Заводстрой” құрылыс басқармасында бастықтың орынбасары, бас инженер, басқарма бастығы қызметін атқарды. Теңіз газ өңдеу зауытының диспетчерлер пункті, қайта өңдеу паркі, жабдықтау базасы, қатты қалдықтарды сақтау қоймасын тұрғызуда оның айшықты қолтаңбасының ізі бар. Солай нан тауып жүре беруге де болар еді. Бірақ жеке адам өміріне ел тірлігі әсер ететіні бар. Тіршілікте бөгде кедергілер көп. Жеңуің керек. Әйтпесе, азаматтығың қайсы? Намысыңды қамшылайтының бар осындайда.

Сөйтіп жүріп, “Айнабұлақ” жауапкершілігі шектеулі

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

37

*Бақытжан  
Бозданұлы*

қамшылайтының бар осындайда.

Сөйтіп жүріп, “Айнабұлақ” жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып алды. Алғашында көлдіктен балық аулап көрді. Үлкен қалалардан өтімді тауарлар әкеліп сатып та байқады. Бірақ жабайы сауда кімге зиян, кімге пайда?

Осыны түсінген Миржан 1997 жылы “Анако” жеке меншік жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мердігер болып, “Қырықмылтық” кен орнын іске қосты.

Сол жылы “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамының мемлекеттік акциясын сату тендері өтті. Бұған Балжігітовтер де қатысуды ұйғарды. Бұған араласуды қолай көрмегендер де болды. Олардың уәждері “Құлсары газ” шаруашылығы кәсіпорнының жағдайы қиын. Төрт аяғынан тік тұрып кете алмайды. Абырой әпермейді. Алмаңдар”.

Шындығы сол. Бұлар алмаса Қазақстанның бір түкпірінен қалталы біреу келеді де сатып алып, сан соқтырып кетеді. Дерек мынау. Оңтүстік мұнай барлау экспедициясы Жылыой өңіріндегі мүйізі қарағайдай кәсіпорынның бірі еді. Сондағы барлаушылардың қолымен талай үмітті алаңдар ашылып, мұнай бұрқағының көкке атылғаны да бар.

Солақай жекешелендірудің салдарынан сол экспедиция мұнайдан мұрны иіс білмейтін Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Б.Бабаев деген бір қазағына сатылып жіберілді де ол бір метр тереңдік қазбастан ізім-қайым жоғалды. Есесіне бүкіл өндірістік құрал-жабдықтарды жымқырды. Зәулім кеңсені де бұзып, орнын сипатып кетті.

Алматыдан келген тағы біреу аудан орталығында сұлу саябақ орнатамын деп бұрынғы мұнайшылар паркін қопарды да ақшаны қалтасына салып жөніне кетті. Мұнайшылар “мүйіз сұраймын деп сақалынан айырылған тоқал ешкінің” кебін киді. Бұрынғы саябақтың арты тақырға айналды.

Көбелек келіп күмп етіп,

Көбігін ішіп ол кетті.

Сауысқан келіп саңқ етіп,

Сарқытын ішіп ол кетті,-

дегендей, сырттан келгендерге төрімізді ұсынып, дымсыз қала беруіміз керек пе?

Бұл бола қоймас. Солар істегенді өзіміз атқарсақ қайтеді?

Ол азаматтық намысқа шапты. Миржан ата-анасымен, інілерімен ақылдаса келіп, газ шаруашылығы кәсіпорнын сатып алды. Күні бүгін кәсіпорын акциясының 87 пайызы осылардың қолында. Ол мұны “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамы етіп құрып, оған ТШО-да энергетик болып істеп жүрген өзінің туған інісі Телжанды президенттікке тағайындады. Сөйтіп, оған өз алдына енші берді. Өзі “Айнабұлақ” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болып қалды. Қарамағында 80 адамы бар. Құрылыс объектілерін салумен, сауда-саттық, техника жалдау, қазандық тұрғызу тағы басқа көптеген жұмыстармен айналысады. Жылыой өңіріне маңдай тірегендер Жем өзенінен Дүйсеке көпірі арқылы өтпейтіні жоқ. Көпірге жапсарлас, өзенге тұмсық сұғып тұрған “Нарқыз” кемпингіне соқпай кететін

жатқан жолаушылар үшін демалуға да мүмкіндік бар. Сіздер қай уақытта келмеңіз-қонақ үйде ибалы да әдепті қызметкерлер қызмет көрсетеді. Айнабұлақтықтар Құлсарыдағы орталық базар маңынан “Супермаркет” дүкенін тұрғызуға кірісіп кетті. Екі қабатты сәнді ғимараттың жоғарысында бұйымдар сатылады да, төменгі қабатында тағам түрлері, дәмханалар жайғасады. Сөйтіп, бұл сауда нүктесіне 200 адамға жұмысқа орналасуға жол ашық.

Бізде балық деген байлық бар. Сол байлығымыз өндірістік негізде ауланбағандықтан ысырап болуда. Көлденең көк аттылар қашып-пысып аулағансиды. Немесе тұнық көлдің суы шалшыққа айналып, балық қырылып қалады.

Осы рәсуа нәсіптің көзін неге кәсіпке айналдырмасқа? Байыптап қараса, бұл оның ата кәсібі ғой. Осы арада оның арғы атасы Балжігіттің 1932 жылдары балық аулап, көптеген ағайындарын аштықтан аман алып қалғаны еске түседі. Соны неге дамытпасқа! Әттең, биыл лизенция (рұхсат) алуға кешігіп қалды. Мұздатқыш та, тоңазытқыш та қамту керек. Әзірге балық аулаумен айналысу алдағы күндердің еншісінде. Жақында Миржан Украинаға барып келді. Мақсат қандай?

Ауданда шифер (жабынды) жасайтын немесе мұнай өңдейтін мини-зауыт салуға болмас па еді.

Сонау соғыс жылдары мұнай осы жерден өңделіп, қажетке жаратылмап па еді? Компьютердің құлағында ойнап отырған қазіргі заманда оны неге іске қоспасқа?

Сондағы зауыттарды барып көрді. Технологиямен

ойнап отырған қазіргі заманда оны неге іске қоспасқа?

Сондағы зауыттарды барып көрді. Технологиямен танысты. Оны да жергілікті жерде жайғастырудың мүмкіндігі бар. Тек уақыт керек.

Қиял қиялға самғайды. Ойлар өрге жетелейді. Қиял қанатына мініп, ойға оралғандар ертең-ақ өмір шындығына айналарына сенгендейсің.

Оның екеуара әңгімедегі мына бір байыпты сөздері көнігі кәсіпкер ретінде қалыптасып қалғанын байқатқандай.

-Шағын бизнесті бастағанда бірден байып кетемін деу әбестік. Мұнда әуелі өзіне сеніп, тәуекел етіп бастағандар ұтады. Бұрын кәсіпкерлікпен айналысқандардың ақыл-кеңестерін тыңдап, түрлі әдебиеттерді оқып отырудың артықтығы жоқ. Жалаңтөстік-жарға шығады.

-Қызбалық, даңғазалық мінезден арылып, салауаты өмір салтын ұстану-табысқа апарар басты жол. Мұны таратып айтсақ, арақ-шарапқа үйір болған адамнан кәсіпкер шықпайды. Тапқан табысыңды мақтанып, жұртқа жаюдың пайдасы жоқ, зияны көп.

-Егер дүкен ашқыңыз келді екен, базарлар мен жұрт жиі жүретін көшелердің бойынан ғана ашқан тиімді. Қала орталығындағы жұрт жиі жүрмейтін қалтарыс көшелерге қарағанда халық ағылып жатқан шет жақтағы көшелердегі дүкендердің табысы әлденеше есе артық болады.

-Ақша табу оңай да, оны ұстап тұру қиын. Өйткені, ақшаны күреп тапқаныңызбен, оны бұрқыратып шашар болсаң оның өзіңе де, бизнесіңе де пайдасы қандай!

Мұндайда жұтап шыға келеріңізге күмәніміз жоқ.

Мұны неге айтып отырмын. Аздап қоң жинасақ шашуға құмармыз. Күн көзіне күйіп жүріп, тірнектеп тапқанымызды ысырап жасауға бейімбіз. “Менің дүниемде кімнің жұмысы бар” дегендей, шайқап ішіп, сапырып төгіп жүргендерді көрген соң айтып отырғаным ғой.

Қызықты қызғанып неміз бар. Құдай қызықтан айырмасын. Бірақ қазір тым дарақыланатын жөніміз қайсы?

Бұл әңгімеден соң менің ойыма Шал ақынның:

Айбынды жігіт аймен тең,  
Жомарт кісі баймен тең.  
Шешен кісі дүрмен тең,  
Имансыз көңіл кірмен тең,-

деген шиыршық атқан жыр жолдары көңілде атой салғаны.

Сондай-ақ, Миржан Балжігітовтер басқаратын мекемелердің директорлар кеңесінің төрағасы.

Бірін бірі тыңдайды, пікірлеседі, ұсыныс айтады.

Бір тоқтамға келген соң іске кіріседі. Мұны көргенде “алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді” деген атам қазақтың қанатты сөзі ойға оралады.

**Жомарттық пен адамгершілік - ата мен ана,  
адалдық пен инабаттылық солардың екі**

**перзенті.  
(Ә.НАУАИ)**

## ҚАЙЫРЖАН

Қоғамдағы бүгінгі ұлы құбылыс шаруашылық басқарудың бұрын мүлде болмаған жаңа сапасын, жаңа әдістерін тудырып, бұл салада өрлеу, жаңғыру белгісін көзге көрсете бастады. Енді шаруашылық басшыларының осыған сәйкес жаңа мінездемесі шықты. Қандай ол? Әрине, санасында сәулесі бар азаматтар қазірде өздерін танытып та тастады, аңғартып та қойды. Күрмеуі көп қым-қуыт сәтте адам тануда ағаттық жіберіп жатсақ, оның да айып-шамы жоқ шығар. Дегенмен, бүгінгі азамат биіктігін қай қырынан бағалап жүрміз?

Пәк көңілі, дархан пейілі адам жатырқамай атойлап тұратын бұл жігіттің мінезі мені бірден баурап алды. Асып-тасуы жоқ, өзін-өзі мақтауы немесе біреуді сырттан даттауы жоқ, кеуде соғуы жоқ, барынша қарапайым қазақ жігітін көргенде қуанып қалдым.

Бұл Балжігітов Қайыржан Қапанұлы “Ғимарат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры.



**“Ғимарат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры  
Қайыржан Қапанұлы Балжігітов**

Енді аз-кем шегініс жасап, ол басқарған ұжымның тындырғанына құлақ түріп, тындырарына көз жүгіртейік.

Бұл кәсіпорын 1993 жылы “Теңізмұнайгаз” бірлестігіне қарасты “Тұрғын үй құрылыс” басқармасы болып құрылған еді.

Құрылғаны құрылған-ау, сол шақтағы жөңкілу үстіндегі реформа екпініне шыдаса жақсы. Біреудің бұйрығымен жұмыс жасауға бейімдер бағыт-бағдарынан адасып, абдырап қалды. Қайсарлары

қарсы тұрды.

Бұдан бес-он жыл бұрынғы Теңіз алаңының даңқы аспандап тұрғанда кеудесі көк тіреген күрделі құрылыс трестері бірінен соң бірі жабылып, банкротқа ұшырады да, енді солардың барлық салмағы Қайыржан басқарған басқармаға түсіп қалғандай болды.

Оның үстіне қас қылғандай “Теңізмұнайгаз” акционерлік қоғамының өзінде құрылыс көлемі кеміп кетті. Әсіресе, акционерлік қоғам “Қазақойл” ұлттық мұнай-газ компаниясына қараған соң мұнда тұрғын үй құрылысы мүлдем тоқтап қалды.

Кезінде тұрғын үй реформасын жасаған Үкімет екі нәрсені шешуде ойластырды. Бірінші-тұрғын үй саласын мемлекет тарапынан қаржыландыруды тоқтату, екіншіден тұрғындардың шын мәнінде меншік иесі болуы. Алайда бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, түбегейлі ойластырылмаған мәселелер болғандықтан тұрғын үй реформасы соңына дейін жүргізілмеді.

“Былай барса өгіз өледі, былай барса арба сынады”. Сонда қиындықтың шалғайына ілесіп жүре беру керек пе?!

Осындай әрі-сәрі сәтте Қайыржан Балжігітов өз қарамағындағы 200-ге жуық адамды қысқартпауды ойлады. Оның бәріне жұмыс тауып беруге әрекет жасап қарады. Жұмыс көлемін сырттан іздеу қаншама азап. Оның үстіне құрылыс материалдарын сырттан тасысаңыз шығынның көкесі сонда. Қайткенде ішкі мүмкіндікті іздестіру керек шығар. Қайыржан көп ойланды. Соңында 1968 жылы тоқтап қалған кірпіш цехын қайта жарақтауды қолға алды. Көп кешікпей цех

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*



*Бақытжан  
Бозданұлы*


іске қосылды. Күні бүгін бұл цех жылына екі миллиондай кірпіш шығара алады. Немесе құрылысшыларға өктің (известь) тапшылығы дегеніңіз сұмдық. Бұрын құрылысшылар осы өнімнің жоқтығынан ұлу тастың ұнтағын кәдеге жаратып жүрді. Бірақ бұл өнімсіз, әрі көңілге қона қоймайтын тірлік еді. Іздестіріп еді, бұл тығырықтан шығу жолы да табыла кетті. Аудан аумағындағы “Құлшан ата” зиратынан бор ұнтағының көп қоры табылып, оны күйдіргенде сапалы өк шыға келді. Ол үшін алдын ала күйдіру пеші дайындалды.

Мұның өнімдерін алдымен өздері пайдаланып, артығын көрші кәсіпорындарға сатып еді-пайданың көзін тапты.


Міне, сол жылдардан бастап Қайыржан басқарған құрылысшылар ауданның мәдени-тұрмыстық, өндірістік объектілерін салуға біржола кірісіп кетті. Атап айтқанда, тігін фабрикасы, тері илеу цехы, ет комбинаты осылардың күшімен бой көтерді. “Қырықмылтық” мұнай алаңын жайғастыруға көмек берді. Қисымбай алаңында маңызды объектілер іске қосылды. Аққұдық, Қисымбай кен орындарына 35 километр электр желісі жүргізілді.

1998 жылы “Теңізмұнайгаз” акционерлік қоғамы Атырауға көшіп, “Қазақойл-Ембі” ААҚ болып құрылды.

Жұртта қалған бұлардың не істегені тиімді? Қайыржан ойласа келе өзі басқарған құрылыс басқармасын сол жылдан бастап, “Ғимарат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі етіп құрды. Енді өз отауыңның шаңырағын өзің көтер, өз күніңді өзің көр! Бұдан былай бастан сипайтын қамқоршың жоқ.



Сандық, бесік те осындағы ісмерлердің қолынан шыққан.



Қолөнершілер жасаған қамшы түрлері

Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейінкерлері

47

Бақытжан  
Бозданұлы



“Ғимарат” ЖШС-нің мамандары қол өнер бұйымдарын (домбыра, ожау, қобдиша, қобыз) ыңғайына келтіріп жасай алады.

Сөйтіп бұлар алдымен өндірістік база жасақтап алуды қолға алды. Әйтпесе, құрылыс-монтаж жұмыстарын сапалы, әрі мезгілінде орындау мүмкін емес. Базада құрылыс бұйымдарын әзірлеу үшін цех ашты. Ағаш өнімдерін құрғату камерасы, сылақ-сырлау стансалары іске кірісті. Серіктестік құрылыс механизмдері, автокран, бульдозер, экскаватор және арнаулы

автокөліктермен қамтылды. Өндірістік базада дербес жылу қазандығы, 30 автомашиналық гараж, 4,5 километрлік кірме теміржол және 260 тонналық цемент қоймасы, басқа да құрылыс бұйымдарын сақтауға арналған қоймалар жұмыс істей бастады.

Мынаған қараңыз: “Тұрғын үй құрылыс” басқармасы болып тұрған кезде мұнда 20-30 жұмысшы ғана болған еді. Күні бүгін серіктестікте 262 әртүрлі мамандықтағы жұмысшылар, 29 инженер-техник қызметкерлер бар. Бұлардың арасында сылақшы-сыршы Әбдіғалиева Жаңылай, Мұханбетова Жұпар, Жайсанбаева Биғайша, ағаш шеберлері Қожаниязов Қанат, Қожахметов Бекшойын, механизаторлар Құрбанбаев Махмуд, Ниетжанов Нәсіпқали, қолөнер шеберлері Мәтениязов Серік, Жұмағалиев Сәлімжан және басқаларының есімдері ілтипатпен аталады.

Жұмысшылардың орташа айлық жалақысы – 31800 теңге құрайды.

Серіктестік өндірістік сипаттағы жұмыстармен бірге ұлттық қолөнер бұйымдарын жасауға және оны тұтынушыларға арзан бағамен ұсынуға қам жасауда.

Осы орайда қолөнер бұйымдары және керамика цехы ашылып, ол адамдарға ізгілікпен қызмет көрсете бастады. Қолөнер бұйымдарын сататын әдейі дүкен ашылды. Өткен “Мәдениетті қолдау жылында” облыстық “Армысың Ақжайық” фестиваліне қатысқан мүсінші С.Мәтениязов және суретші С.Қожасейілов қолөнер шеберлері бұйымдары арасынан бірінші орын алып, I-дәрежелі диплом мен бағалы сыйлықтарға ие болды.


Бақытжан  
Бозданұлы

50

Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері



“Ғимарат” ЖШС-і жеке адамдардың тапсырысы бойынша мынадай өсем үйлер де салып бере алады.



“Ғимарат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылысшылары тұрғызған Құлсарыдағы Ш-ықшам ауданындағы тұрғын үйлер көрінісі

“Тұрғын үй құрылыс” басқармасы кезінде ұжымның тындырған істерін жоғарыда баяндадық. Енді серіктестік болып құрылған соң құрылысшылар аудан мұнайшылары үшін 28 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 450 пәтер тапсырды. Сондай-ақ, мұнайшыларға шағын наубайхана, әкімшілік үйлері, Жаңа Қаратондағы жылу қазандығын қондырып, тағы да басқа кен орындарын жайғастырғаны бар.

Серіктестік өндіріс көлемін жыл сайын ұлғайту үстінде. Дерекке жүгінейік. Құрылысшылар 1999 жылы 228384 мың теңге күрделі қаржы игерсе, 2000 жылы 331526 мың теңге игеріліп, арғы жылмен салыстырғанда 45,1 пайызға өсті.

Мұның өзі жұмысшы-қызметкерлердің жалақыларының өсуіне ықпал етіп, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын көтеруге көмегі тиді. Осы жылдар ішінде 18 қызметкерге тұрғын үй, 24 жұмысшыға тұрғын үй салып алу үшін арзандатылған бағаға құрылыс материалдары берілді. 4 жұмысшыға он жылға несиеге 1228000 теңге қаржы бөлінді.

Серіктестік басшылары жұмысшылардың денсаулығын нығайтуға көп күш жұмсайды. Әртүрлі емдеу-сауықтыру орындарына тегін немесе арзандатылған бәсіне жолдама беріледі. Сондай-ақ, жыл сайын 15-20 бала тегін жолдамамен тынығу лагерьлеріне жіберіледі.

Серіктестік ұжымы ауданның әртүрлі мәдени-әлеуметтік шараларына қатысып, көпшілік қошеметіне бөленуде. Өткенде Қазақстан мұнайының 100 жылдығы

*Біздің заманымыздың  
бір әлеуметгі кейіпкерлері*

51

*Бақытжан  
Бозданұлы*



**“Ғимарат” ЖШС-і құрылысшылары цемент  
құю қондырғысында**

қарсаңында құрылысшылар Қарашүңгілдегі тұңғыш мұнай бұрқағы атқылаған ұңғыға ескерткіш белгі қойды. Әулиенің басына түнек үйін салды.

Бекет Ата, Дүйсеке ата, Нарынбай батыр қорларына үлес қосты. Оларға құрылыс материалдарымен және қаржылай көмек көрсетті.

Өткен жылғы бұл бір шара ғана емес.

Қайыржан басқарған серіктестік ұжымы өртүрлі демеушілік акцияларына қатысып, 306920 теңге жұмсағандығы тағы бар. Атап айтқанда, айтыскер ақын Салауат Исахаевқа Республикалық ақындар айтысына қатынасу үшін 100 мың теңге, ардагерлер қорына 50 мың, сазгер Тоқсанбай Құлтумиевтің кесенесін тұрғызуға 50 мың теңге бөлінді.

Мұның өзі Қайыржанның алып-сатып, қалта қампайтып жүрген көп кәсіпкердің бірі еместігінің дәлелі. Меценат деп осыны айт!

Жоғарыдағы деректер оның кәсіпкерліктен гөрі ауданымыздың, тіпті облысымыздың экономикасы мен әлеуметтік жағдайына, мәдениеті мен өнеріне жаны ашитын, олардың дамуына аянбай үлес қосатын болмысы биік азамат екендігін жұртшылыққа тағы бір мойындатқандай.

Әрине, шаруаның тірлігі түзеліп, тұрмысының оңалып кетуі тап сол іс басындағы азаматтардың қолдауына, кісілігі мен кішілігіне байланысты екендігіне ешкім дау туғызбас. Біз де серіктестік ұжымының “бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз” шығара білетін ұйымшылдығы мен іскерлігіне сүйсіне отырып, соның бәрі Қайыржанның қабілет-қарымы мен ұйымдастырудағы шеберлігінің арқасы деп білеміз.

Айтпақшы, оны өткен жылы аудан тұрғындары аудандық мәжіліс депутаты етіп сайлады. Оның мұндағы белсенділігі де азаматтың тағы бір қырын танытқандай болды.

Аудандық мәслихаттың соңғы сессиясында

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

53

*Бақытжан  
Бозданұлы*

бюджеттің орындалу барысының тыңдалғаны бар. Осыған орай Қайыржан Балжігітов басқарған комиссия құрылып, біраз кемшіліктердің бетін ашып тастады. “Беркад” ЖШС-і, “Индерстройиндустрия” ЖАҚ-ы жұмыс құнының 70-80 пайызын алдын ала алып кеткенде құрылыс объектісін мерзімінде бітірмеді. Сондай-ақ, Құлсары-Ақкиізтоғай газ құбырын жүргізу “Атыраугазстрой” ЖШС-не жүктелген. Оларға 240 млн.теңге түгел аударылып кеткенмен өткен жылы тапсырылуға тиісті газ құбыры аяқталмай қалды. Осы газ құбырын жүргізуді сырттан шақырмай-ақ, аудан ішіндегі мекемелердің біріне тапсырғанда қайтер еді. Себеп-олардың ішінде осы құбырды әлгі цифрдың жартысына салып беруге құлшынып отырғандары көп.

Әрі арзан, әрі жергілікті жұмыссыздарға жұмыс табылар еді.

Кейде күрек, кейде қайласы жоқ мекемелерге маңызды объектінің бұйдасын ұстата қоюымыз қалай? Тендерлік комиссия осыны ескерсе. Аудан әкіміндегілер бақылауды күшейтсе.

Қайыржан сессия мінберінен осылай сайрады. Онысы жиналғандар көңілінен дөп шықты.

Енді серіктестік ұжымының бүгінгі тыныс-тіршілігі, алдағы биігі қандай?

Құрылысшылар бүгінде құрылыс-монтаж жұмысымен айналысып қоймай жаңа технологияны, озық әдістерді меңгеруге күш салуда. Бұрынғыға қосымша энергомонтаждау және дәнекерлеу цехтары ашылды. Мұнай кәсіпорындарын жайғастыруға да икемделе бастады. Тері илеу цехы іске қосылды.

-Мен жұмысқа адам қабылдарда бөріне бірдей ескертемін, -Жұмысты адал жасаңдар. Сонысына қарай ақшаны да көп аласыңдар. Мәселен, 5 разрядты ағаш шебері күніне 1 мың теңге алады. Көп пе, аз ба? Аз деп ешкім айта қоймас,-дейді Қайыржан сөз арасында.

-Біздегі тағы бір ерекшелік, біздер әуелі мамандарды дайындаймыз, оқытамыз, мамандығын көтереміз. Сөйтіп, ол шетелдік фирмадағылардан кем жұмыс жасамайды. Біз мұны қызғаныштан айтып отырғанымыз жоқ. Шетелдік әріптестердің беделіне нұқсан келтіруден аулақпыз. Бірақ шетелдік фирмаларда жұмысқа қабылдарда бірден 5-6 разрядты мамандарды талап етеді. Жергілікті жерлерде бірден ондай мамандар табу қиын. Табыла қойғанның өзінде 2-3 ай келісім-шарттан кейін жұмыстан босауыңыз оп-оңай.

Салыстырып көріңіз. Қайсысы тиімді?

Күні бүгін серіктестіктің жалақы, бюджетке, басқа да тапсырысшыларға бережағы жоқ.

Ол аудан аумағындағы жұмыстармен тұйықталып қалған жоқ. Доссор кен орнының пайдалануға берілуіне 90 жыл толуына орай үлкен шаралар өтті. Оның құрылыс-құрастыру жұмыстарының бас мердігері Қайыржан басқарған "Ғимарат" ЖШС-і. Оның құрылысшылары Доссордағы мұнайшылар клубын, орталықтағы қазандықты жаңғыртуды, Орталықтағы мұнай қазандарын, асхананы жөндеуді аяқтады. Автокөлік жолдарын қалыпқа келтірді.

Сөйтіп, күйі кеткен Доссор кенті сәулеттене түсті.

Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері

55

Бақытжан  
Бозданұлы

Пайдалануға берілгеніне бір ғасырға жуық уақыт өтсе де ажары ашылмаған көне кенттің маңдайының бағы бар екен. Құрыш қолды құрылысшылардың пәрменді қолының күшімен абаттанып келеді. Бұған да шүкір!

Енді Қайыржанға тапсырыс берушілердің лебізін тыңдайық:

**Айболат Ғабдуллин, “Қазақойл-Ембі” ААҚ-ы президентінің орынбасары.**

- “Ғимарат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Прорва мұнай-газ өндіру басқармасының тапсырыс-тілегін орындауды бұлжымас дағдыға айналдырды. Бұл ұжым басқарманың кен орындарында 1997 жылдан бері электроқұрылыс, күрделі құрылыс ұжымдарын осы күнге дейін тиянақты атқарып келеді.

Ұжымда жоғары жауапкершілік, қатаң еңбек тәртібі сақталған. Өндірістік база жақсы жасақталған.

Біздің бұл ұйымға деген үміт-сеніміміздің артуы да сондықтан.

“Ғимарат” ЖШС-і соңғы мезгілде европалық үлгідегі әрлеу, безендіру жұмыстарын жүргізуде. Солардың күшімен біздің өндірістік базада биылғы жылы әсем әкімшілік ғимараты бой көтерді, жұмысшыларға қолайлы асхана да тұрғызылды. Әкімшілік ғимаратының ажарын аша түсетін кеңсе жиһаздары да жеткізіліп, орналастырылды.

Бұл жетістіктің бәрі ұжым басшысына байланысты. Ұжымды білікті де, талапшыл басшы Балжігітов Қайыржан басқарып, өрге жетелеп келеді.

**Мақсым Ізбасов, Құлсары мұнай газ өндіру басқармасының бастығы:**

- "Ғимарат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі нарықтық экономика талаптарына сай өз қызметін қайта құрып, жаңаша тәсілмен жұмыс жасауда. Серіктестікте еңбек ұйымдастырудың, жұмыс атқарудың, мұнай кен орындарында жұмыс істеудің озық үлгілері жасақталған.

Құрылысшылар күшімен Қисымбай, Аққұдық, Ақінген кен орындарында көптеген жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, Төлесте май қалдығын жинайтын ұра, ұңғыаралық жол, Тұрғызбада 16 орындық монша салынып, Қосшағылда 0,4 кв. электр желісі ауыстырылды. Қисымбайда жұмысшылар асханасы, Тереңөзекте жұмысшылар жатақханасы күрделі жөндеуден өтті. Алдағы уақытта бұл серіктестікпен біріге атқарылатын бағдарлама-жоспарымыз көп. Жаңа ғасырдың алғашқы айларынан-ақ бұлар Қисымбайда 10 орындық монша құрылысын, Құлсарыда мұнайшылар саябағын салуға кірісіп кетті.

**Шоқпартоғай селосындағы №3 орта мектеп директоры Ж.Шыбықовтың бізге былай деп сыр ақтарғаны бар.**

-Өткен жылы Қайыржан Шоқпартоғай селосындағы өзі оқыған мектепке бас сұғып, оның жүдеу күйін көріп, қатты қынжылды. Көп уақыт өтпей мектепке құрылыс материалдарын жіберді. Мектеп және интернат үйінің төбелері күрделі жөндеуден өтті. Терезелер бүтінделді, еден, қабырғалар сырланды. Күні бүгін интернатта 72 оқушы тәрбиеленуде. Бұлар негізінен жетім және жартылай жетім балалар.

Қайыржан осы жылдың басында да мәрттік танытты. Жаңа жыл шыршасында тәрбиеленушілерге

Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері

57

Бақытжан  
Бозданұлы

сый-сияпат ұсынды. Ол басқарған серіктестік интернат үйін өз қамқорлығына алатын болды. Көп жылдар жөндеу көрмеген спорт залға 100 кг ақ сыр, 20 кг түрлі-түсті сыр, 20 дана әйнек, ДВП бөлді. Мектеп асханасына көмек көрсететін болды.

Алдағы уақытта оқушыларды серіктестік цехтарымен жете таныстыру, Бекет атаның кіндік қаны тамған Ақмешітке саяхатқа апару жоспарлануда.

Ол жас ұрпаққа қамқорлық жасауды қоғам алдындағы міндетім, азаматтық парызым деп санайды. Біз соған ризамыз.

Таяуда Қайыржанмен тағы бір жолыққанымызда ол әзірге көкейде бұққан құпиясын біздің жадымызға салды.

-Құдай жоқ деп өсіп едік. Тәуелсіздік алғаннан бері иманға оралдық. Мешіттер тұрғыздық. Аудан орталығындағы мешітке бұрын кемпір-шалдар барушы еді. Қазір зейнеткер де, жастар да барады. Адамдардың адалдыққа бет тұрғанын көріп қуанасың!

Осыны көре тұрып, өзімнің туған ауылым Шоқпартоғайға мешіт орнатсам деп ойлаймын.

Тағы бір себеп-бар қазақтың түп-тамыры ауылда жатқан жоқ па? Ауылдан өсіп-өндік. Керек десеңіз, тектілігімізді де қазақтың қасиетті даласына қарауыл болып жүрген қабырғалы жұртымыздан көреміз. Оны естен шығару өсте ағаттық. Ат басын ауылға, соның ішінде өзім білім алған мектебіме, онда оқып жүрген жас жеткіншектерге мойын бұруым да сондықтан, - дегені бар.

Мешітке бару, дұға оқу бүгінгі еркін елдіктің ерекше

көрінісі сияқты әсер қалдырып, көңіліңді көтеріп, тәрбиелік мәнінен санамызды өсіруге қызмет етіп жатса оны құптамағанда қайтесіз.

Құптайсың, қуанасың. Кеудеңді мақтаныш билейді.

Алға қойған мақсат - өндіріс қарқынын жыл сайын 15-20 пайызға арттыру, жұмыс сапасын дүниежүзілік стандартқа сәйкестендіру.

Тәуекел заманы осыған үндейді. Ашыққан қарын тойынар, қиындық та жойылар. Әрі-беріден соң осыдан 6-7 жыл бұрын асқа салар тұз, отқа тұтатар сіріңке, кір жуарға сабын таппай қиналған сөттерімізді ұмыта қойғанымыз жоқ. Оған қарағанда қазір базарда құс сүтінен басқаның бәрі бар.

Мұның бәрі кәсіпкерліктің, кәсіпкерлердің арқасы, кәсіпкерліктің бұйдасын мықтап ұстаған Қайыржан Балжігітов сияқты ұстараның жүзіндей лыпып тұрған жігіттердің маңдай терінің өтеуі. Ләйім, осындайлардың қатары көбейе бергей!

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

59

*Бақытжан  
Бозданұлы*

**“Қорлық көрмей, байлық келмейді”.**

**С.САРАЙ**

## ТЕЛЖАН

Тіршілікте кедесетін сансыз кедергілер еркіңнен тыс ел ісіне араласуыңды ара-тұра қалайтыны бар. Туған ауылының қым-қиғаш оқиғаларға толы өткені мен тетігін таппаған бүгінінің толғандыруы сондықтан оны. Болашағы да тебіренбесеңе қоймайды. Бей-жай жүруге тар кеудені тынымсыз тепкілеген мазалы жүрек мүмкіндік бермейді.

-Арқа тұтар өке-ағаларымыз бар екенін, олардың да мақсатты жолға оп-оңай килікпегенін түсінемін. Ар-абыройын бәрінен жоғары қоятын абзал жандарға сенемін.

Ол осылай ойлап, бір тұжырымға келді. Сөйтіп, “Теңізшевройл” қазақ-американ бірлескен кәсіпорнында энергетик болып қызмет істеп жүрген Телжан Балжігітов 1998 жылдың ақпанында “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамының президенттік бұйдасын ұстады.

Мұның қазіргі күйін баяндамас бұрын сәл шегініп,

өткеніне көз жүгіртейік.

Жылыой өңірі облыс көлемінде алғаш газдандырылған аймақ. 1939 жылы Құлсары кәсіпшілігінде “қара алтын” өндіріле бастады. 1948 жылы осы кәсіпшіліктің жанынан газ беру цехы құрылды да, мұнай құрамындағы ілеспе газды тұрмыстық мақсатқа пайдалану іске асты. Сөйтіп, арада үш жылдай уақыт өткен соң 1951 жылдан бастап аудан орталығы Құлсары поселкесінің тұрғындарына құбыр арқылы табиғи газ беріле бастады.

Басында 15-20 километр газ құбыры бір-екі жылу қазандығы мен аудан орталығындағы жеке үйлерге газ беріп тұрса, күні бүгін 250 километр газ құбыры ауданның 5 елді мекенін және Құлсары қаласының объектілерін түгел қамтиды. Өткен ғасырдың 90-жылдарында еліміздің нарықтық әлеуметтік жағдайының нашарлауы, коммуналдық мекемелердің дербестенуі газ шаруашылығы басқармасына ауыр тиді. Газ беруші “Жайықтрансгаз”, “Интергаз” мекемелеріне құлсарылықтардың бережағы 90 миллион теңгеге жетті. Газ шығыны көбейді. Соңғы он жыл бойы газ құбырының жөндеу көрмей ескіруі (лабораториялық тексеру нәтижесінде газ құбырының 70-80 пайызы жарамсыз деп табылды), есеп айырысу саясатының дұрыс жүрмеуі газ шығынының артуына соқтырды.

Тұрғындардан газ өтемақысының жиналуы 30 пайыз құрады. Коммуналдық меншіктегі үлкен жылу қазандарының газға бережағы 100 млн. теңгеге дейін көтерілді. Бұл шығын басқармаға оңай тиген жоқ.

Айналып келгенде, “Құлсары газ шаруашылығы басқармасы” өз күнін өзі көре алмайтын “көтерем” кәсіпорындарының қатарына қосылып шыға келді.

Енді газ берушілер тұрғындар қарызының көптігін алға ұстап, газды тиып тастады. Аудан халқы бір-екі жыл көгілдір отынсыз қалды. Бұрын газға сеніп, қамсыз жүрген мұнайшылар отбасылары ас пісіру үшін тезек теріп, ағаш отады. Әсіресе, көп қабатты үйлердегілерге қиын соқты. Көше бойы қазан көтерілігі, көк түтін көкті былғады.

Абырой болғанда, тендер жарияланып, оның жеңімпазы танылған, “Бақай” серіктестігі акциялардың мемлекеттік пакетін сатып алды. Сөйтіп, 1998 жылдың 4 ақпанынан бастап, бұлар “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамының шылбырын қолға ұстады.


Билік тізгінін ұстап, креслоға отырғаны бар болсын, Телжанның басқарамын деп келген шаруашылығының екі де бір нұсқасы жоқ. Жұртшылыққа бережағы-2 млн. АҚШ доллары мөлшерінде. Алажағы мардымсыз. Газ құбырының 70 пайызы жарамсыз. Аудан тұрғындары газсыз қалып, ашуға мінген.

Жоқтан жонып, бар жасай алмайсың. Барды қанағат тұтудың пайдасы тағы аз. Сонда тығырықтан шығудың жолы қайсы?

Акционерлік қоғам болып құрылған соң да бұрынғы жұмысшыларды орнынан босатып немесе жаппай штат қысқарту не берер еді? Әрине, аз адаммен көп жұмыс жасау-нарық заңының талабы екендігін білмейді емес. Бірақ қазіргідей қысталаң шақта жоқ-барды сылтауратып, байырғы мамандарды қысқартуға ұшырату, оның есесіне бастықтың бабын табатын

жандайшаптарды маңына жинау кімге абырой? Көп балалы отбасылардың көз жасы қайда?

Бұл қағиданы түсіне білген Телжан білікті мамандардан айырылмады. Солармен бірігіп, мекеменің өзіндік бағдарламасын жасады. Бағдарламаның басты мақсаты-жалақыға жөне бюджетке бережақтан құтылу. Бұл жұмыс айналасы бес айда іске асты.



**Телжан Балжігітов**  
**“Құлсарыгаз” АҚ-ның төрағасы**

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

63

*Бақытжан  
Бозданұлы*

Екінші алға қойған мақсат-жұмыс шығынын азайтып, тозығы жеткен жоғары қысымды газ құбырын шұғыл түрде жаңарту. Сондай-ақ, жан-жақты есеп айырысу, ол іспен айналысатын бөлім құру.

Бұл жұмыстың орындалуы да нәтиже берді. Күні бүгін тұрғындардан төлемақы жинау 90 пайызға көтерілді. Бұған жарнамалық жариялылықтың да пайдасы көп тиді. Көше-көшенің адамдар көп жүретін тұстарында: “Азамат, ошағыңда от сөнбесін! Ас-суыңыз үшін төлемақы төледіңіз бе?” деген сыпайы жарнама кім-кімді де елең еткізеді. Жарнама әсер еткен сіз “Құлсарыгаз” АҚ кеңсесіне жүгірмей-ақ орталықтағы кассаға бұрыла кетесіз.

Соңғы үш жылда 80 шақырымға жуық газ құбыры ауыстырылды. Төрт ГРП салынды. 1,4,5,7,8,9 ауылдардың, “Барлаушы”, “Мұнайшы” мөлтек аудандарының газ құбырлары жаңартылды.

Енді газ бағасының өсімімен килігуге тура келді.

Сатушы мен сатып алушының арасында делдал жүрсе, тауар бағасының қымбаттауы да заңдылық. Мықты болсаң, сол делдалдықтан құтылу жолын тапшы?

Бұл жердегі газды сатушы “Теңізшевройл” біріккен кәсіпорны да, сатып алушы “Құлсарыгаз” АҚ. Екі ортада газды тасып беруші “Интергаз” компаниясы әр бір мың текше метр газ айдағаны үшін 540 теңге пайда табады. Бұл қаражат тұрғындардың мойнына түседі.

Ішкі газ құбырларын ауыстыру графигі жасалды. Аудан тұрғындарына бережағы үшін екі жыл бойы газ бермеген бельгиялық “Трактабель” компаниясынан іргені аулақ салу ойластырылды. Ол үшін ТШО-дан

тікелей газ алып, яғни Құлсарының шығысынан беріліп тұрған газды батысына көшіру қажет еді. Бұл мәселені американдықтармен келісу де оңайға соққан жоқ. “Жеті өлшеп, бір рет кесетін” капиталистерге халықтың күйін айтып, көзін жеткізу дегеніңіз-қаншама шаш ағарту өкенін осы істің басы-қасында жүргендер ғана біледі.

“Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады”. Ақыры, бұлар да келісімге келді. Оған 50 млн. теңге инвестиция тартылды. Енді Құлсары-Теңіз газ құбырының бойынан газ реттегіш стансасын орнату қажеттігі туды. Ондай қондырғы өз елімізде жоқ. Сұрастырып, іздестіріп жүріп, автоматты газ реттеу қондырғысын Ташкенттен алдыруға тура келді. 1998 жылы айналасы үш айдың ішінде аудан жұртшылығы Теңіз газын еркін пайдалана бастады.

Бөрінен бұрын бағаны көтереміз немесе газды тиямыз деп жиі қоқаңдайтын бұрынғы қатыгез “Трактабель” компаниясынан өбден зөрезап болған жұртшылық одан іргені аулақ салғанға мәз болды.

Келер жылы Теңіз газын село тұрғындарына жеткізу міндеті алда тұрды. Сол жылы Жаңа-Қаратон-Тұрғызба газ құбыры тартылды, өмірінде отын игілігін көрмеген селолықтардың отбасы көгілдір газбен жылынып қалды.

Аудан, облыс әкімдерінің араласуымен ТШО-ға бережақты жабу және бағаны өсірмей ұстап тұру бағдарламасы жасалды. 1999 жылы күзде сол кездегі облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың араласуымен ТШО-мен арада меморандумға қол қойылды. Онда Қазақстан Республикасы заңдарын

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

65

*Бақытжан  
Бозданұлы*

басшылыққа ала отырып, тұрғындар құқығын қорғау және облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту жайы қаралды. Екі жақты келісімнің хаттамасы бойынша ТШО облыс халқына беретін табиғи газдың бағасын 1999 жылдың 1 қазанынан 2000 жылдың 30 маусымына дейін екі есе арзандатуға келісті. Бұрын олар текше метр газды 12 доллардан сатып келсе, келісімнен соң оның бағасын 6 долларға түсірді. Сөйтіп, Республика бойынша ең арзан газдың құны біздің өңірде болып шықты.

Шындығында, газға аудан бережағы әлі көп еді. 1999 жылдың басында ТШО-ға бережақ 1 млн. доллар құрады. Дегенмен, біріккен кәсіпорын басшылары маркетинг қызметінен қалыптасқан жағдайға түсіністікпен қарап, көмектескені үшін аудан жұртшылығы оларға ризашылық білдірді.

Өткен жылғы ақпан айында ТШО-ға бережақ түгелдей өтелді.

Халықтың әлеуметтік жағдайының әлі де төмендігі, коммуналдық төлемдердің мезгілінде өтелмеуі “Құлсарыгаз” АҚ ұжымын басқа да табыс көздерін іздеуге итермелеуде. Ол үшін инвестиция тартылып, оған арнаулы техникалар сатылып алына бастады. Газ құбырларын тартуға арнайы лицензия алынып, техникамен жабдықталған дөнекерлеу бригадалары құрылды. Сырттан жұмыс көздері іздестірілді. Сөйтіп, ыждағаттылық пен ілкімділіктің арқасында 1999 жылдың өзінде 20 млн. теңгенің жұмыс көлемін атқаруға мүмкіндік туды. Айтпақшы, бұлар Доссордың 90 жылдық мерей тойы қарсаңында 600 тұрғын үйге

көгілдір отын жеткізіп берді. Жұмыс көлемін тауып беруге көмектесіп жүрген “Қазақойл-Ембі” ашық акционерлік қоғамының президенті Махамбет Демешұлы Батырбаевқа бұл ұжымның айтар алғысы тіпті бөлек. Қысылғанда қол ұшын бергенді кім ұмытсын! Жаңа Қаратон, Тұрғызба, Қосшағыл, Құлсары кенттеріндегі “Қазақойл-Ембі” акционерлік қоғамына қарасты объектілерде Телжан басқарған ұжым мамандары 50 млн. теңгенің әр түрлі жұмыстарын атқарды. Мұндай игілікті жұмыс алда да табыла берер деген үміт бар.

Соңғы жылдары ауданда су мәселесінің күрделілігі көптеген қиындықтар келтіруде. Осыған байланысты тұрғындар жеке жылу қондырғыларын қоюды іске асыра бастады. Бұған түсінік бере кету де артық болмас. Көп қабатты үйлердің жеке пәтерлеріне автономды жылу беру қазандығын орнату ол осы үйлерге жанама салған ғимаратта немесе бөлек ғимаратта орналасқан жағдайда ғана рұқсат беріледі. Басқа жағдайларда газ шаруашылығы мекемесінің техникалық шарты негізінде арнайы жоба жасалғаннан кейін рұқсат аласыз.

Айта кетейік, Құлсары кентінде бұл бағыттағы жұмыстар төмендегіше шешілуде:

-пеш бөлек іргетастан және тамақ пісіретін плитасы үш ұядан аспауы керек;

-плитаның от жағу және үрлеу нүктелері, булығы болуы шарт;

-су қыздыратын қондырғылар орналасқан бөлменің көлемі 5-7 шаршы метрден кем болмауы міндетті;

- жылу қондырғысы сертификаты, газ өлшеу есептегіші тексеруден өтіп, түтін шығаратын тұрба үй жабындысынан бір метр жоғары тұрады.

Осы шарттарға сәйкес келетін, қажетті жабдығы бар үй иелері арызымен "Құлсарыгаз" АҚ-нан техникалық шарт алып, жобалық құжаттар жасатады. Осы шарттарды толықтай орындаған үй иелері автономдық жылу көздерін пайдалана алады.

Мұны іске асыру әрі бақылау да оңайға соқпайды.

Қолынан іс келетін, көкірегі сайрап тұрған адамның тәуекелге бел бууы өзгелерге қарағанда жеңілдеу. Оның үстіне тек ақшаның жетегіне оп-оңай еріп, өзге дүниені ұмытып кететіндей дүниеқоңыздық оған жат.

Телжан басқарған акционерлік қоғам өзі қызмет көрсетіп отырған тұрмысы төмен отбасыларына өз есебінен газға бережағын жауып беріп те жүр. Өткен жылы осындай отбасыларға 500 мың теңге көмек көрсетілді. Мұндайлар көп.

Осыған орай айтылған алғыстар легін саусақпен санап тауыса алмаймыз.

Деректер келтірейік.

**Құрметті Телжан Қапанұлы!**

**Сіздің игі бастама көтеріп, әсіресе, қазіргідей қысқа жіптің күрмеуге келмей жатқан тұсында, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген жанұяларға, көп балалы аналарға, мүгедектерге, ардагерлерге қол ұшын беруіңіз біз үшін үлкен мәртебе. Президентіміздің өзі бас болып, егеменді Еліміздің халқына осындай қиын кезеңде бір-біріне қайырымдылық көмек**

көрсетуді бірінші кезектегі мәселе етіп қойып отыр.

Сіз демеушілік көрсетіп, 31 адамға 373968 теңге көлемінде көгілдір отын бережағынан босатып, азаматтық таныттыңыз. Сізге және сіз басқарып отырған мекеме ұжымына ризашылығымызды білдіремін. Ел ықыласына бөленіп, асыл азаматтар қатарында жүре беріңіз.

*Жылыой аудандық еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі осылай дейді.*

Қара-Арна селолық округі әкімі сіз басқарып отырған “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамы тарапынан ауылдағы жалғызбасты, мүгедек, күн көрісі төмен жанұяларға 2000 жылы 10 отбасына, биылғы жылы 5 отбасына пайдаланған газ отын бережағын жабуға көрсеткен көмектеріңіз үшін ризашылық білдіреді.

Ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты көмектеріңіз алда да жалғаса береді деген сенімдеміз.

*Қара-Арна селолық округі әкімі: А.Әнесов.*

Өзім де, әйелім де екінші топтағы мүгедекпіз. Балаларым жас. Жұмыста жоқпыз. Газға бережағымызды да сондықтан төлей алмай жүргенбіз. Осыны ескеріп, Телжан ініміз газ өтеміне жеңілдік жасады. “Кәріптерге қарай жүр” деген ғой. Мұндай азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ.

*Біздің заманымыздың  
бір әлеуметтегі кейіпкерлері*



*Бақытжан  
Бозданұлы*

*Дөңмұрынов Серік, мүгедек.*

Сондай-ақ, “Қарттар үйіне”, аудандық мешіт, мектептерге жеңілдетілген бағамен өтем алынып, кейбір тұрмысы төмен отбасыларына тегін газ құбырлары жүргізілді.

Таяуда біз “Құлсарыгаз” АҚ-да болғанда, оның президенті Телжан Қапанұлы Балжігітовпен сұхбаттасудың тағы да сәті түсті. Алынбаған асулар, тетігін күткен түйіндер әңгіме арқауына айналды. Солардың ішінде маңыздылары мынау:

-Күні бүгін тұрмысы төмен отбасылар да, миллиондаған айналымы бар ірі мекемелердегілер де газға бірдей ақымен төлейді. Мұндай теңгермешіліктің мәні қайсы?

Керісінше, әлгіндей отбасыларының, жеке үйлердің, коммуналдық мекемелердің газ бағасын арзандатып, ірі мекемелерге бағаны көтерсе қайтеді?

-Газ беруші “Теңізшевройл” біріккен кәсіпорны Жылыой ауданы аумағында орналасқан. Оның қиындығын да, қызығын да көріп отырған аудан халқы. Әрі күні бүгін “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамының ТШО-ға бережағы жоқ. Осындайда газдың бағасын әлі де түсіру немесе тегін пайдалану қажеттігі туындайды.

-Газ қауіпті. Оған қоса аудан жерінің тұздылығы жер асты құбырларының тез істен шығуына, әрі кездейсоқ оқиғаларға соқтыруы мүмкін. Қазіргі кезде газ құбырлары жаппай жер үстіне шығарылуда. Бұл да мәселенің түбегейлі шешімі еместігін білеміз. Біздің жағдайда тұйықтан шығудың жолы-полиэтилен

тұрбаларын пайдалану. Оған қаржы көбірек керек.

-Аудандағы газ тұтынушы отбасыларының 80-90 пайызында газ есептегіш құралдары орнатылмаған. Мұны да біз орнатуымыз керек. Бұл сатушыға көптеген проблемалар алып келеді. Қаржы табылса, бұл да шешімін табар.

Бұл азаматтың ертеңін ойлағандағысы. Өзінің ғана емес, өзгенің де қам-қарекетін қамдағандағысы.

Заманның қиындығын, тұрмыстың тапшылығын айтуға келгенде алдымызға жан салмайтындығымыз, ал қазіргі еркіндіктің арқасында қазақтың талай кәсіпкерлері өсіп-жетілгенін мойындағымыз келмейтіні қалай? “Әй, қойшы, кәсіпкер дегенің жұрттың ақшасын жеп, ұлардай шулатады”, деп қолымызды сілтеуге даяр тұратындығымыз да жасырын емес. Бәрі бірдей болмас. Рухани өмір тоқырап, қарабайыр тіршілік алға шыққанда алпауыт алыпсатарлардың қылғытқан үстіне қылғыта түссем, осынау аласапыран кезде мол қамтып қалсам деп түн қатып, түстері қашып жүргендері жоқ емес. Бала-шағаны қайтып асыраймыз, қайтып күнелтеміз деп шақшадай басының шарадай болып жүргендері де жеткілікті. Ішінара ұлттық капиталистеріміз де пайда бола бастады. Олар байлығы тасып, қайда шашарларын білмегендіктен емес, болашақ қамын ойлап, тіпті дүниенің бетіне қарамай, меценаттық қызмет атқарып жүргендері де кездеседі. Солардың ішінде “Құлсарыгаз” ашық акционерлік қоғамының президенті Телжан Қапанұлы Балжігітов те бар.

*Біздің заманымыздың  
бір әлемтегі кейіпкерлері*

71

*Бақытжан  
Бозданұлы*

**Тай өссе – ат тынығады**

**Ұл өссе - әке тынығады**

**М.ҚАШҚАРИ**

## ӘЛІМЖАН

Билік тізгінін ұстадың екен-қарамағыңдағы азды-көпті адамдардың алғыс-ризашылығына бөленгенге не жетсін! Өкінішке орай өмірде көп мүддесінен гөрі жеке бастың қамын күйттеп, тұлкібұлаң күй кешетін бишікештердің де кездесетінін жасырып қайтеміз.

Басшы болу – айналаңдағы жұртыңды игілікті істерге жұмылдыра білу. Ісіңмен де, сөзіңмен де сол қауымға үлгі-өнеге болу. Қызмет-мәңгілік емес. Тақтан таяр күн жеткенде көпшіліктен жиіркенішті сөз емес, жылы лебіз естіп қалсаңыз азаматқа содан мықты мерей бар деймісіз.

Әлімжанның да өмірлік кредосы осы. Ауданның су шаруашылығы мекемесінің билігі қолға тигенде осы қағиданы бетке ұстады.

Қай жерде болма – ауыз су мәселесінің айдарынан

жел есіп тұрғанын көргеніміз жоқ. Мұнда да солай. Бірақ қиын іс деп қашқақтаудың жөні қайсы? Бұл болмаса, басқа бір адамның осы шаруаны басқарып кетуге қабілет-қарымының жететіндігіне кім кепілдік береді? Ол Алматы жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтын бітірген соң аудан шаруашылығының әр саласында жұмыс істеп, қабілет-қарымын байқатты.

1998 жылға дейін аудандағы “Ауыз су және канализация” басқармасы мүйізі қарағайдай “Теңізмұнайгаз” акционерлік қоғамының құрамында болып, барлық шығынды сол дәулетті кәсіпорынның өзі көтерді. Содан соң “Теңізмұнайгаз” өндірістік бірлестігі Атыраудағы “Қазақойл-Ембі” ашық акционерлік қоғамының құрамына кіріп кетті де, бұрынғы еншілес кәсіпорындар есеңгіреп қалды. Оның үстіне барлық коммуналдық мекемелер бюджеттің қарамағына өтетіндігі жөнінде 1998 жылы Үкімет қаулысы шықты.

Енді бұрынғы “Ауыз су және канализация” басқармасы “Аудандық шаруашылық басқармасы” болып бөлініп, өз күнін өзі көруге тура келді. Бірақ коммуналдық мекемелердің өз күнін өзі көруі екіталай еді. Себепп, балықтың сусыз өмір сүре алмайтыны сияқты бұлардан да дотациясыз өмір сүре алмайтындығын тәжірибе көрсетіп те берді! Сөйтіп, мекеменің құлдырауы басталды.

1999 жылдың маусым айында бұл мекеменің тек “Құлсарыгаз” акционерлік қоғамына бережағы 101 млн.теңге, “КазТрансОйл” ұлттық мұнай тасымалдау компаниясына бережағы 203 млн. теңге құрады.

“Құлсарыгаз” АҚ өзінің 101 млн. теңге алажағының

орнына аудандық шаруашылық басқармасынан “Ауыз су және канализация” бөлімін сот арқылы алып, “Құлсары су” жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрды. Бірақ өгізді қайта өрге сүйрегенмен бұл мекеменің де айы оңынан туып кеткен жоқ. Жыл жарым ішінде “КазТрансОйл” ұлттық мұнай тасымалдау компаниясына бережақ 92 млн. теңгеге көтеріліп тағы шықты.

Енді не істеу керек? Су мәселесіндегі құйтырқылық қандай?

Өткен жылы аудан әкімі осы мақсатпен “Құлсары су каналы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын құрды. Мұнда да бережақ азайғанмен, қарыз түбегейлі төленген жоқ.

Сонда бұл мекеменің көтерем күйде қалуы неліктен? Ең басты себеп-ауыз суды сатып алу бағасының жоғары болуы. Яғни, 1м<sup>3</sup> судың сатып алу бағасы 44 теңге 04 тиын. Халыққа сату бағасы-50 теңге.

Екі ортада бұлар көретін пайда 6 теңгеге де жетпейді. Мұндай пайда мөлшері бұлардың шығынын да жаппайды.

Бұл қымбаттылық халыққа жеңіл тиіп тұрған жоқ. Төлемақының төленбеуі де осыдан бастау алады.

Жасыратыны жоқ, халықтың арасында ауыз судың төлеміне немкетті қарайтындар әлі бар. Кейбір тұрғындар газды сөндіріп, жарықты айырып тастайды деп қорыққандықтан бірінші кезекте соларға төлейді. Ал судың оңайлықпен айырылмайтынын біліп, оған келгенде кегежектерінің кейін тартуы да осыдан.

“Судың да сұрауы бар”. Бұл нарық талабы.

Әйтпесе, өз өңіріміздегі шетелдік капиталистер өз елдерінен бөшкелеп тасымас еді ғой. Мұның өзі суды, оның тазалығын бағалау деп ұғыңыз.

Сондықтан бізде де ауыз су үшін ақшаны кезінде төлеу керек. Өйткені, тауарын сатқан мекемеге уақытында төлемін бермесең-тауарын бермеуге құқылы.

Судың сатып алу бағасының жоғары болуы, авариялардың жиілігі, құбырлардың жарамсыздығы мекеменің рентабельді жұмыс жасауына мүмкіндік бермеуде. Жырымдап беріп отырған “КазТрансОйл” ұлттық мұнай тасымалдау компаниясынан алған судың 40 пайызының халыққа жетпей қалуы да сондықтан. Қысымы төмен су ықшам аудандардағы көп қабатты үйлердің жоғарғысына көтерілмейді.

Бұл да тұрғындардың наразылығын туғызады, әрі ақы төлеуге тежеу.

Өзге өңірлерде су бағасы көп төмен. Дерек келтірейік. Атырау қаласында 1м<sup>3</sup> судың бағасы 14 теңге 50 тиын. Маңғыстау облысының Жетібай, Жаңа Өзен қалаларында халықтың көбі мұнайшылар болған соң судың төлемақысын мұнай өндіру кәсіпорындары мойындарына алған. Біздің өңірде істі солайша ұйымдастыруға болмас па еді.

Бұлар жөнінде айтылмай да жүрген жоқ. Бірақ көрер көз, естір құлақ қайда?

Бұдан жарты жыл бұрын аудан әкімі облыс әкімшілігіндегілермен біріге отырып, Астанадағы “КазТрансОйл” ұлттық мұнай тасымалдау компаниясының бас кеңсесінде судың тарифы жөнінде

мәжіліс өткізіп, бір тұжырымға келгендей болып еді. Бірақ соның соңы құмға сіңген құрдымдай.

“Құлсары су каналы” мемлекеттік кәсіпорынның кеуде тіктеуінің тағы бір шындығы мынау.

Бұдан 20-30 жыл бұрынғы пайдалануға берілген су және канализация құбырларының, насос стансаларының тозығы жетіп, істен шыға бастады.

Дегенмен, аспаннан шелпек жауар күнді кім күтіп отырсын! Өткен жылы аудандық бюджеттен 78 млн. теңге бөлініп, 15,5 километр су құбыры ауыстырылды. 3 ассенизатор машина, 2 экскаватор, 1 бульдозер, 1 жүк тиегіш, бір қорапты автокөлік, 30 дана өртүрлі насостар алынды.

“Анако” фирмасының жетекшісі Сағат Қашқынұлы Түгелбаев тағы бір игілікті істі жүзеге асырып, ауданға су жаңа “Газ-53” автокөлігін сыйға тартып еді. Мұның да бұйдасын осылар ұстады.

Әрекетсіз отырсаң ісің алға басар ма?! Әрі заман-қимылдың заманы. “Құлсары су каналы” мемлекеттік кәсіпорынның директоры Әлімжан Қапанұлы Балжігітовтың алдағы проблемаларды ойлап, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүруі де сондықтан. Судың қымбаттығы қосымша су көздерін іздеуге итермелейді.

Осыдан 20-30 жыл бұрын Теңіз алаңын игеру дүбірі естіле бастағанда Құлсарыдан 160 шақырым қашықтықта “Жаңа су” деген жерден мол су көзі табылған. Теңіз кеніші ашылғанда сол жерасты теңізінен құбыр тарту жоспары болған. Қайткенде де бұл өңір үшін судың құны алтыннан да қымбат. Суды таңдайы кеуіп, тақыры тілімденген дала сұрайды. Суды жазығын құм басқан, жусанның шаң қапқан сағымды

*Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері*

77

*Бақытжан  
Бозданұлы*



### **Сəлімжан, Əлімжан Балжігітовтер**

сахара сұрайды. Сыртының соры бетіне теуіп жатқан өңірдің бәрі де сол.

Сонау Қиғаштан тартылған судың қымбаттығы шындық. Дегенмен соңғы жылдарға дейін аудан көлемінде тұщы су аз деген жорамал көп айтылып келіп еді. Гидрогеологтардың жанқиярлық еңбегі арқасында бұл пікір жаңсақ шығып, жер асты тұщы суының мол қоры табылғандай болды.

Байқап отырсақ та, осы суды ел мүддесіне дұрыстап

жарата білсек, шөлге гүл өсіп, шөлейтке бақ орнап, құм нұрға айналып жүре бермей ме?! Оның бер жағында таяудағы облыс әкімі мен “ҚазақТрансОйл” ұлттық мұнай компаниясы басшыларының екі жылға дейін суды шектемеу жөніндегі келісім-шартына қол арта тұрсақ.

Бұл құр қиял емес. Шындығы сол. Солай деуімізге дәйек мынау: 1991 жылы “Жер астында шипалы теңіз бар. Оны адам қажетіне жарата білейік!” деген тақырыппен дабыл көтеріп, оны игеру проблемасына біздің де үңілгеніміз бар. Ондағы материалда айтылғандай, мамандардың алдын-ала зерттеу қорытындысына қарағанда Жаңасудан тәулігіне 119 мың текше метр су атқылайды екен. Мұның өзі ауыз суға, ауыл шаруашылығына, жайылымды суландыруға, тіпті техникалық мақсатқа пайдалануға мүмкіндіктің мол екендігін дәлелдегендей еді. Сондықтан да, “Тенгизнефтегаз” өндірістік бірлестігі “Недра” шағын кәсіпорнымен 6 жұп ұңғыма қазғанның өзінде тәулігіне ауыз суға-10 мың текше метр, ауыл шаруашылығын суландыруға-10 мың текше метр, техникалық қажетке-15 мың текше метр су өндіріп бересің деп шотқа соғып, қолқалап қойғанын да көргенбіз.

Егер бұл проблема іске асқанда су жөніндегі қазіргі айқайдың бірі де болмас еді. Өкінішке орай, сол кезде Одақтың шаңырағы ортасына түсті де жұрт “тұрымтай тұсына, балапан басына” кетті. Баяғы шараның ізі де қалмады.

Енді кеудемізді тіктей бастадық. Сол шараны іске асырсақ қайтеді! Тіпті бұдан арғы Аралтөбе су

қоймасының құрылысын жалғастырса, Комсомолскіден құбыр тарту тиімді емес пе? Әрине бұл бір кәсіпорынның күшімен атқарылар шаруа емес.

Қазір техникалық суды тазалау бағасының қымбаттығы тағы қинауда. Құбыр арқылы келген техникалық су Құлсарыға 1м<sup>3</sup> су 20 теңгемен келіп, су тазалау қондырғысынан шыққан соң судың бағасы 36,7 теңгеге (қосымша құн салығын қоспағанда) бір-ақ секіреді.

Сонда 1м<sup>3</sup> техникалық суды тазалау-16,7 теңгеге шығып кетті. Салыстырып қарайық. Атырау қаласында 1м<sup>3</sup> техникалық су-20 тиын. Оны тазалауға бес теңге кетті деңіз. Сонда 1м<sup>3</sup> ауыз судың бағасы-5 теңге 20 тиынға шығады. Сонда Құлсарыдағы техникалық судың бағасы Атыраудағыдан үш еседен де көп.

Сүліктей сору дегеніміз осы. Осы орайда қазіргі Құлсары мұнай айдау басқармасы қарамағындағы су тазалау қондырғысын осылардың билігіне берсе қайтеді!

Бүгінде ауданға тәулігіне 5 мың текше метр су беріледі. Жоба бойынша тұрғындар оның бір мың текше метрін малға, шарбақтағы бау-бақшаны суаруға, канализацияға басқа да тұрмыстық жағдайларға пайдаланады. Қарасаңыз-бұл көлдей шығын. Осыған орай, болашақта құбыр арқылы техникалық су айдап, халыққа ауыз суды тасып беруді немесе дүңгіршектерден полиэтилен пакеттерімен таза ауыз су түрінде сатуды ұйымдастырса ше?! Бәлкім, қара судың қадірі сонда артар.

Қазір қимылдамасаң-аузыңа қара су тамызар кім

бар? Күнелтіс үшін қимылдау керек. Соңында 200-ден астам адам тағы бар. Олар қалай күн көреді?

Әлімжан аудандағы күрделі кәсіпорындармен келісім-шартқа отырып, қала тазалығына көмектесуде. “Іңкәр” мәдениет кешені маңын абаттандыра бастады. Қоқыс төгетін полигонды қарамағына алды. Құлсары мұнай құбырлары басқармасының тапсырмасымен ескі “Байеділ” құбырының маңын тазалауда. “Бейбіт” көпіріндегі дамбаны биіктетуде.

Солармен келісіп, ақша табады. Артығын пайдаланады.

Бүгін аудан әкімшілігі кеңсесінің алдындағы ашық сахнада аудан кәсіпорындарының мәдениет күндері өтуде. Бүгінгі кезек Әлімжандардікі. Жұмыс-жұмыс қой. Бүгін болмаса ертең іске асар.

Бірақ ішкі рухани байлығынсыз қайда барасың?

Көңіл шат, шалқығысы келді! Кеудеге сыймаған қуаныш толқынын сыртқа шығарғысы келді! Сөйтіп, ол өз кәсіпорнының мәдениет күні сахнасын сазды халық әндерімен бастап, өзі ашты. “Япурай”, “Қараторғай” кетті шалықтап.

Бұл халықты ойлағансып, көрініп қалайын деген насихаттық белсенділік емес. Шыны сол.

Мүмкін, реформалар бағытының нақтылайтын, пысықтайтын тұстары бар шығар. Бұрын жүрмеген жол ғой.

Нарықтық қатынастарға көшу басшыға да, қосшыға да оңай соғып жатқан жоқ. Ал қарапайым халыққа тіпті қиын тиюде. Осыны бетке ұстаған біраз жұрттың бүгінгі іске күмәнмен қарауы да рас. Бірақ билік тізгінін

ұстаған көптеген азаматтардың іс-қимылын, қабілет-қарымын көргенде нарық заманының салтанат құратынына сенгің келеді.

**P.S.** Таяуда Әлімжан аудан әкімінің ұйғарымымен жаңа құрылған күрделі құрылыс және тұрғын үй шаруашылық бөліміне бастық болып тағайындалды. Енді ол бұрынғыдай “Құлсары су каналы” МКК-на ғана емес, жылу мен газдың жайын да бақылайды. Соларға бағыт-бағдар береді. Ауданда тендер өткізетін де сол.

Тағы да алда таудай міндеттер тұр. Ауырлық арқаға батқан сайын айбындана түскендей. Қайсарлықтан қайырым табар да осы тұс.

*Біздің заманымыздың,  
бір әулеттегі кейіпкерлері*



*Бақытжан  
Бозданұлы*

**Ұрпақта шек жоқ.  
(М.ҚАШҚАРИ)**

## ҚАБИЖАН

Бүгін біздің қоғамымызда байлық, игілік, жақсы тұрмыс үшін тайталасқан күрес жүріп жатыр. Сырттай қарасаң бәрі қалпында сияқты. Жымы білінбейді. Біреулер арамдықпен жинаған байлығына мастанып, деміне нан пісіп жүр. Басына қос-қос коттедж, астына шетелдік автокөлік мініп кердеңдейді. Адалдықпен мал тауып, жұрттан оза шауып жүргендер де жоқ емес. Қайткенде де халықтың негізгі бөлігі жаңаша құралған тіршіліктің тамыр бүлкілін тап басып, тани бастады. Солай десек те, тап қазір бізге шыр біткен қазақтың байлығын қызғанатындай жағдай жоқ.

Қайта оларды қуаттандырып, қатарын көбейтуге барымызды салғанымыз артық емес. Балжігітовтер әулеті де осылай ойлайды.

1999 жылы “Элитстройсервис” жауапкершілігі

шектеулі серіктестігі құрылып, оның бас директорлығына Қапанов Қабижан Қапанұлы тағайындалған еді.

Бұлар негізінен құрылыс ісімен айналысады. Бірнеше рет әлеуметтік-мәдени және тұрғын үй құрылысы жөніндегі тендерге қатысып, жеңіп шықты. Биылдың өзінде осылардың күшімен Құлсарыда 75 орындық аурухана салынып, пайдалануға берілмек.

Құрылыс материалдарын Ресейден алдырудың қолайлы жолдарын таба бастады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрамында 30-ға дейін автокөлік құрал-жабдықтары және арнаулы техникалар бар. Бұған қоса тас жолдар плиткасын өндіру цехын ашу да алдағы күндердің еншісінде.

Кеше ғана құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің тарихы да аз. Қолға алған істерін қарық қылып тастады деп те айту қиын. Болмай жатып, құлдық деп жатқан біз де жоқ. Бірақ бізді қуантатыны-жақсы істің жалғасын табуы. Дәстүр жалғастығының салтанат құруы. Бір әулеттегі кәсіпкерлік дағдысының тамырын тереңге жаюы. Балжігітовтер әулетінің тағы біреуі кәсіпкерліктің шамын жақты. Үлкен бәйтеректің тағы бір бұтағы бүршік жарды.

Қанатымен су сепкен қарлығаштай, еліне құйттай болса да қол ұшын беруге талпынған азаматтарымыздың көбейіп, халқына пайдасы тисе екен деген тілекті шын пейілмен біз де айтқымыз келеді.

## ТҮЙІН СӨЗ

Өмірде ізгілік үшін күресіп, ізгі іс тындырып, адамға, қоғамға риясыз жанашыр бола жүріп, сонысын міндетсімейтін, “мен” деп төс сабаудан гөрі үнсіз ғана ұлы шаруалар тындырып жүретін адамдар болады. Олардың бойларынан ешқашан мүлгімейтін көңіл көкжиегін, сезім сергектігін, қандай жағдайда да ел қамын басты назарда ұстаған болмысы биік азаматтардың сапалы іс-әрекеттерін байқаймыз.

Шындығында, өмірді солар ұстап тұр.

Мынау шағын хикаяттағы біздің заманның кейіпкерлерін сондай адамдар деп ұғамыз.

## Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р :

1. “Сөз атасы”, Алматы, 1987 ж.
2. Қожа Ахмет Иассауи “Диуани Хикмет”  
(Ақыл кітабы). Алматы, 1993 ж.
3. С.Өжікенов “Атырау-өнер өлкесі”  
Алматы, 1995 ж.
4. Т.Жауырұлы “Каспий-құдаң емес”  
Алматы, 1995 ж.
5. А.Ершуов “Қаспайдан Қапанға дейін”  
“Кең Жылыой” газеті, 2001 жыл, 8 маусым.
6. Б.Бозданұлы “Ептілік пен тектілік”,  
“Атырау” газеті, 3 наурыз, 1998 жыл.
7. Б.Бозданұлы “Тарыққанға-демеу,  
жабыққанға жебеу”, “Атырау” газеті,  
8 наурыз, 2001 жыл.

Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейінкерлері



Бақытжан  
Бозданұлы

## МАЗМҰНЫ

1. Алғысөз	4
2. Әулет басы-Достан	8
3. Қапан қажы	15
4. Миржан	35
5. Қайыржан	43
6. Телжан	60
7. Әлімжан	72
8. Қабижан	82
9. Түйінсөз	84

Бақытжан Бозданұлы

Біздің заманымыздың  
бір әулеттегі кейіпкерлері

Біздің заманымыздың,  
бір әулеттегі кейіпкерлері

87

Теруге берілген күні 30.11.2001 жыл  
Басуға қол қойылған күн 17.01.2002 жыл  
Тапсырыс №1645. Таралымы 1500 дана.  
Қаріп түрі Inter Times Kazakh, Pragmatica  
Компьютерде терген және беттеген М.Ахонова  
“Ақ Жайық” ЖШС баспаханасында теріліп, басылды.  
Баспахана директоры Гүлбала Сарипова

Бақытжан  
Бозданұлы